



ҰЛЫЛАР ЕЛІНІҢ ҮНПАРАҒЫ

SEMEYtany

№ 1 (19753) 6 қаңтар, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ

■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз жыл сайын мерзімді баспасөзге ауқымды сұхбат беру арқылы белгілі бір саяси дәстүр қалыптастырдыңыз деуге болады. Осы орайда, «Turkistan» газетінің ұсынысын қабыл алғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

– «Turkistan» газеті 30 жылдан бері тұрақты шығып келеді. Бұл – Қазақстандағы ең ықпалды басылымның бірі. Газеттің атауында да өте үлкен мән-мағына бар. Басылым тілшілері ел ішіндегі өзекті мәселелермен қатар, тұтас түркі жұртына ортақ тақырыптарды да көтеріп жүреді. Бұл өте жақсы дәстүр деп санаймын.

Шетелде жұмыс істеп, түрлі салада табысқа жеткен қазақтар туралы мақалаларды қызығушылықпен оқимын. Қазақстан мен өздері тұрып жатқан елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға үлес қосып жүрген осындай үш азаматты арнайы марапаттадым.

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Көсібі әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білген шығарсыз.

Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына куәнамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмән жоқ.

– Сұхбатымыздың бас жағында әдеттегідей өткен жылдың қорытындысы туралы сұрағым келеді. Былтыр өте көп оқиға болғаны белгілі. Дегенмен, 2025 жылдың басты нәтижесі қандай деп ойлайсыз?

– Шынымен де, айтулы оқиғалар аз болған жоқ. Көзді ашын-жұмғанша бір жыл өте шықты, бұл сұрағыңызға табан астында жауап бере қою қиын. Мысалы, экономикамыз 6 пайыздан астам өсті. Ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Бұл – елімізбен қатар, бүкіл өңір үшін рекордтық көрсеткіш. Жалпы, ойдағыдай жұмыс істелді деуге болады. Бірақ, мен барлық мемлекеттік қызметшілерге төкпейісіп, масайрап отыруға мүлде болмайтынның үнін айтқымын. Шығыс халықтары «Тегіс жолдың зеніте тосқауыл бар» дейді. Біз тынымсыз еңбектеніп, тек алға ұмтылуымыз керек. Оның үстіне, түйін тарқатылмаған түйткілдер аз емес.

Бұл – ең алдымен, инфляция деңгейінің жоғары болуы. Соның салдарынан азаматтарымыздың әлауақты артыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр. Биыл Үкімет пен әкімдер мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұғырын нығайту үшін көп жұмыс істегіміз керек.

Дей тұрғанмен, еліміздің реформаларды жүзеге асыруға біржола бет бұрғанын өткен жылдың басты қорытындысы деуге болады. Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты.

АҚШ президенті Трамптың «ақылға сыйымды ой» стратегиясының ықпалымен жаһандану үдерісі кейінге ысырыла бастады. Біз де Қазақстанда әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық сияқты мемлекетіміздің болашағы үшін айрықша маңызды қағида-тәртіптерге негізделген қоғам құрып жатырмыз. Ұзақ мерзімге арналған нәтижеге жету үшін бұл жұмыс жаңа жылда екі есе тиіс қарқынмен жалғасын табады.

– Былтыр жаңа Салық кодексі қызу талқыға түсті. Жұрттың көкейіне күдік-күмән ұялап, көптеген сауал туындады. Бір жағынан, қажетті экономикалық реформаларды жүргізуге мүмкіндік беретін, екінші жағынан, азаматтардың тұрмыс жағдайын төмендетіп жібермей, таразы басын тең ұстайтын тиімді жол бар ма?

– Өрине, салық реформасы – өзекті мәселе және бұған қатысты пікірталастардың болуы өбден түсінікті. Дегенмен, ел ішінде дүрбелең туғызып, жұртты дүрліктердің ешқандай жөні жоқ, Мұндай реформа көптеген елде жүргізіліп жатыр. Мысалы, Ресейде қосымша күн салығы жуырда 22 пайызға дейін көтерілді.

Біздің реформамыз – қатардағы «фискалдық науқан» емес, салық жүйесін қайта құру деген сөз. Алдымызда тұрған басты міндет – экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Үкіметке ашық әрі ұғынықты Салық кодексін әзірлеу тапсырылды. Министрлер кабинетінің бұл тапсырманы қаншалықты табысты орындап шыққанын биыл көретін боламыз.

Бұрынғы Үкімет қосымша күн салығын, тіпті, 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Олар фискалдық саясатқа қателік жіберілгенін ескере отырып, мұндай қадамның өте қажет екенін мойындады. Талқылау барысында қазіргі Үкімет те қосымша күн салығын 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Алайда, мен Үкіметке оның жоғарғы шегін 4 сатыға төмендету туралы тапсырма бердім.

Жаңа Салық кодексінде бақылау жасауға емес, өзара серіктестік орнатқуға баса мән беріледі, яғни, осы үдеріске қатысушылардың бәрі – мемлекет те, бизнес те, азаматтар да өз міндетін адал орындауға

5 қаңтар күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетіне сұхбат берді. Онда өткен жылға шолу жасап, халық көкейінде жүрген ең өткір сұрақтарға жауап берді.



тиіс. Бірін-бірі өзара толықтырып тұратын мұндай жүйеде салық төлеу ауыртпалық ретінде қабылданбайтын болады. Түптеп келгенде, салық төлеу дегеніміз – заманауи қоғамдық келісімшарт деген сөз. Салық төлесеніз – қызмет көрсетіледі, инфрақұрылым салынады, қауіпсіз орта қалыптасады, тың мүмкіндіктер пайда болады. Керек десеңіз, бұл – әділдік болу үшін жүктеменді қайта бөлу құралы, әлеуметтік тұрғыдан әлсіздерді қолдау және экономикалық тұрғыдан «белсенді ортаны» одан әрі дамыту тәсілі.

Бүкіл әлемде фискалдық саясаттың тиімділігі оны жүргізудің саласымен, жұрттың салық жөніндегі сауатымен және қоғамның сана-сезімімен өлшенеді. Салық төлеу мәдениеті дәл осылай қалыптасады. Салық төлеу бұрын міндет болса, енді отаншылдықтың озық үлгісіне айналады. Мұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам құрудың төте жолы деуге болады. Себебі, салығын адал төлейтін азаматтар өз қаржысының алаяқтардың қалтасында кеткенін мүлдем ұнатпасы анық.

– Экономикалық реформалар тауарлардың бағасы мен қызметтердің тарифіне салмақ салады. Жұрт бұған алаңдап отыр. Сіз Үкіметке осы мәселені шешуге арналған нақты шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырдыңыз. Бұл жұмыс реформаның саласы мен қарқынына әсер етпей ме? Азаматтарымыз әл-ауқатымызды жақсартуды деп күтіп жүрген реформаның нәтижесін жоққа шығармай ма?

– Әлемдік тәжірибеге қарасақ, реформалар қолға алынған кезде жұртшылық оны көп жағдайда түсінбей, қабылдамай жатады. Ондай кезде барлық жауапкершілікті арқалай алатын көшбасшының рөлі айрықша. Мен Мемлекет басшысы ретінде осындай жауапкершілікті өз мойныма аламын. Болашақта да бұған дайынмын. Менімен бірге жұмыс істеп жатқан азаматтар мұны жақсы біледі. Өрине, бұл кедергісі көп, қиын жол екенін түсінемін. Тарихта реформаторлардан гөрі басқыншылар мен популисттердің аты көбірек қалып жатады. Бірақ, Қазақстан үшін басқа жол жоқ. Біз бір жерде тоқтап қалмай, алға қарай нық қадам басу үшін реформаларды қалайда жүзеге асыруымыз керек.

Азаматтарымызға зияны тимеуі үшін қыс мезгілінде тарифтерді өсіру әкімшілік тәсілдер арқылы уақытша тоқтатылды. Сонымен бірге, Үкіметке бюджет қаржысын барынша тиімді пайдалану міндеті жүктелді. Экономикаға ақшаны орынсыз құя беруге болмайды, бұл инфляцияны күшейтіп жібереді. Қазақ бюджетті тәртіп керек. Қаржы ресурстары мемлекетке қажетті жобаларға ғана жұмсалуға тиіс. Былтыр қараша айында Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірлесіп, үш жылдық бағдарлама қабылдады. Құжат азаматтардың әл-ауақты жақсарту үшін инфляцияны төмендетуге арналған.

Халықаралық сарапшылар Қазақстанның «орташа табыстар қақпанына» түсіп қалғанын дұрыс байқап отыр. Ашығын айтайын, бұл – экономика туралы оқулықтан алынған жалпылама ұғым емес, күн сайын көптеген азаматымыздың басынан өтіп жатқан өмір шындығы. Жұрт табыс тауып жатыр, тіпті, жақсы табыс табатындар да бар. Бірақ, оның бәрін инфляция жеп қояды немесе ипотека төлеу, балаларды оқыту, ата-анаға көмектесу сияқты күнделікті тірлікке жұмсалып, жоқ болып кетеді. Ауырып қалу немесе жұмыстан айырылу секілді кез келген көлденең кедергі тұрмыстағы тұрақтылықты бұзып жіберуі мүмкін.

Мен кезінде баспана алу, балалардың оқу ақысын төлеу, емделу үшін зейнетақы жинағын пайдалануға рұқсат беру туралы шешім қабылдадым. Көбісі солай жасады, бұл шешімге ризашылықтарың да білдіріп жатты. Бірақ, әдеттегідей, стоматология қызметін көрсетеміз деген желеумен зейнетақы қорынан 200 миллиард теңгеден астам қаржы жымқырыған алаяқтар да табылды. Құқық қорғау органдары қазір бұл мәселемен айналысып жатыр. Осы медициналық қызмет түріне зейнетақы жинағын пайдалануға тыйым салуға тура келді. Бірақ, басқа да қитұрқы тәсілдер пайда болды, тіпті, пластикалық отаға төлем жасайтындыр бар.

Ал, бизнес өкілдеріне келер болсақ, олар жұмыс орындарын ашып, салықтарын адал төлейді. Алайда, несие өсімінің жоғары болуы, айналымдағы қаражаттың аздығы олардың кең ауқымда дамуына, жаңа нарықтарға шығуына, заманауи технологияларды енгізуіне мүмкіндік бермей тұр.

Экономиканың құрылымы өзгеріп жатыр. Дегенмен, меніңше, өзгеріс қарқыны баяу. Халықаралық қаржы институттары мен рейтинг агенттіктерінің бағалауына, елімізді бақауатты,

тіпті, бай мемлекет деп атауға болады. Бұл сөздің жаны бар. Соған қарамастан, экономикамызда теңсіздіктер әлі де сақталып отыр. Оның бәрін шұғыл реттеп, түзу жолға салуымыз керек. Біз бұл жағдайды білеміз, оны жұрттан жасыратын ойымыз жоқ. Мұндай қиындықты көптеген мемлекет басынан өткеріп жатыр. Біз «өсім ауруы» мәселесін міндетті түрде шешеміз. Нақты жоспарымыз бар.

– Қазақстан былтыр энергетикалық және коммуналдық секторда реформа жасауға кірісті. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы ең ауқымды реформа. Осы бағыттағы жұмыстар өбден тозған инфрақұрылымды жаңғырту мәселесін шеше ала ма?

– Шынымен де, Үкімет энергетикалық және коммуналдық нысандарды жалпай жаңғырту жұмыстарын қолға алды. Ұзындығы жүздеген шақырым болатын инженерлік желілер мен электр қуатын тарататын желілер салуымыз керек. Бүгінгі таңда осы ауқымды жобаның есеп-қисабы әзірленіп жатыр.

Қазірдің өзінде қауіпті «қызыл» аймақта тұрған жылу электр станцияларының саны 19-дан 10-ға дейін азайды. Қабылданған шаралардың нәтижесі көріне бастады. Нысандардың апаттық жағдайға тап болу қаупі сейіліп келеді.

Дегенмен, өбден тзыып, өзімізмен өрең тұрған инфрақұрылымды қалпына келтіру жеткіліксіз, жұмыс тәсілін өзгерту керек. Сондықтан, жаңғырту шаралары ең басты міндетті шешуге тиіс, яғни, салаға инвестиция салу үшін қолайлы жағдай жасап, нағыз нарықтық тетіктер қалыптастыруы қажет.

Үкіметтің шұғыл шаралары мәселені түпкі мәнінен туындап отыр. Себебі, энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы кез келген мемлекеттің өмір сүруіне аса қажетті тұғыр саналады. Бұл негіз шайқалса, басқасы түгел күйрейді.

Тамағы тереңге кеткен экономикалық мәселелерге ондаған жылдар бойы назар аударылған жоқ. Қалалар мен ауылдардағы инфрақұрылым тозды, энергетика нысандары мен коммуналдық желілер өбден ескірді.

Қордаланған түйткілдер күрмеуі қиын күрделі мәселеге ұласты. Бұл сала жұрттың тәсілін жанталаса жамап-жасап, бюджет қаржысын үздіксіз құюға тура келетін «коммуналдық аждаһаға» айналды. Бұған жұрттың еті үйреніп, азаматтар шарасыз күйге түсті.

Соған қарамастан, біздің үкіметіміз «авгийдің атқорасын» тазалауға асыққан жоқ. Себебі, мұндай күрделі жұмыс ешкімге жақсы атақ әкелмес еді. Ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылу сияқты «керемет» бағдарламалар әзірлеп, оның «табысты» орындалғаны туралы баяндау әлдеқайда жеңіл болатын. Шындықты жасырып, бір сәттік алдамшы жетістіктерге ұмтылу ақырында мемлекетіміз үшін тым қымбатқа түсті.

Шынымы айтайын, келе абыройымды ойласам, мен де бұл жұмысты жеке басшылыққа ысыра салар едім. Бірақ, халықтың көзі үйренген тап-таурын түсініктерге қайшы келсе де, мен үшін қағаз жүзінде емес, іс жүзінде нақты нәтижеге қол жеткізу бәрін де маңызды.

Электр қуатының арзандығы кімге тиімді болды? Табысы шамалы көп балалы отбасыларға емес, ірі кәсіпорындарға өте тиімді болды.

Арзан жанар-жағармайдың қызығын кім көрді? Әдетте қоғамдық көлікпен жүретін студенттер мен зейнеткерлер емес, билікке жақын жүретін, қазір жұрт олигархтар немесе олигополия деп атайтын кәсіпкерлер көрді.

Коммуналдық қызметтердің тарифін төмен ұстап тұру кімге ыңғайлы болды? Әр тұрпаттегі сомаңы уақтылы төлеп отырған адал азаматтарға емес, «коммуналдық былық-шылықты» пайдаланып, қалтасын қалыңдатқан делдал-кәсіпкерлерге қолайлы болды.

Посткеңестік кеңістіктегі ең төмен бағалар мен тарифтер Қазақстанға тиесілі. Соның салдарынан, біз амалсыздан арзан жанар-жағармайды көрші мемлекеттерге астыртын тасымалдайтын, сол арқылы олардың экономикасына демеу көрсететін елге айналдық.

Сол себепті, тарифтің төмен болуы қарапайым тірлік кешіп жатқан адамдарға пайдалы деген жалған сенімнен арылатын уақыт жетті. Іс жүзінде бұл – ауқатты азаматтарға жасырын түрде берілетін субсидия.

Әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру үшін, ең алдымен, мәселені шешу жолдарын өзгерту қажет. Мемлекет өтемақшылықтар адамдарға ғана тікелей, атаулы көмекке жүйе арқылы қолдау көрсетуге міндетті. Сондықтан, тарифтерді көтеру – ақылға қонымды, яғни тиімді және әділ экономика құру үшін аса қажет қадам. Кім қанша тұтынса, сонша те-

лейді, қолдауға шынымен зәру адамдарға ғана көмек беріледі. Тарифтер әділетті болуы керек, яғни «неғұрлым көп тұтынған, соғұрлым көп төлейді» деген қағидат берік орнығуға тиіс. Мен осындай нақты міндет қойып отырмын. Алғашқы оң нәтижелер бар. Төлем жүйесіне сараланған тәсіл енгізілді. Суды және электр қуатын барынша үнемдеп пайдаланатын тұрғындар «тұтынудың әлеуметтік нормасына» сәйкес төлемді ең төмен тарифпен төлейтін болды.

Бұл қадам бұрынғы жүйеден бас тартып, әлеуметтік игіліктерді әділ бөлетін жүйе құруға мүмкіндік береді. Елдің ресурстарын таңдаулы адамдар емес, барша жұрт бірдей пайдалануға тиіс. Сонда ғана заманға сай инфрақұрылым мен тиімді энергетика жүйесін қалыптастыра аламыз. Осылайша, экономиканың сапалық тұрғыдан өсуіне зор серпін береміз.

– Сіз Қазақстан үшін көлік және логистика саласының маңызы артып келе жатқанын жиі айтасыз. Бұл бағыттағы жұмысты негізгі басымдық ретінде белгілеп бердіңіз. Осы саланы дамыту үшін қандай шаралар қабылданды және алда қандай жоспарлар бар?

– Еліміз үшін көлік-логистика саласының әлеуетін арттыру – стратегиялық маңызы бар міндет. Теңізге тікелей шығатын жолы болмаса да, Қазақстан Еуразия құрлығының кіндік тұсында, яғни негізгі транзиттік күре жолдар тоғысқан жерде орналасқан. Бұл – үлкен артықшылық, біз оны ел игілігіне жарата білуге тиіспіз. Мақсат-мүддемізге сәйкес Қазақстанды Еуразияның көлік аймағы (хабы) ретінде қалыптастыру – бұл салада атқарылатын жұмыстың басты бағыты.

Осы орайда, жақында іске қосылған «Достық – Мойынты» жаңа теміржол магистралінің мән-маңызын атап өткім келеді. Бұл жоба осы жол арқылы Қытай мен Еуропа арасында тасымалданатын жүк көлемін бес есе арттыруға мүмкіндік береді. «Мойынты – Қызылжар», «Бақты – Аягөз», «Дарбаза – Мақтарал» теміржол желілерін жаңадан іске қосу жоспарымызда тұр. Жалпы, 2030 жылға дейін 5 мың шақырым теміржолды салып, жаңғырту және 11 мың шақырым теміржолды жөндеу көзделіп отыр.

Елорда мен батыс аймақтардың арасындағы қашықтықты 500-ден астам шақырымға қысқартатын «Орталық – Батыс» күре жолы құрылысының стратегиялық маңызы өте зор.

Біз ел шекарасынан тыс жерді де қамтитын кең ауқымды көлік жүйесін құра алдық. Қазақстан мұхит жолдарынан тысқары тұрса да, Сары теңіз бен Қара теңіздің арасында жүк терминалдарының желісін қалыптастырды. Еліміздің аумағы арқылы өтетін 12 халықаралық көлік дәлізі, атап айтқанда, 5 темір жол, 7 автокөлік дәлізі бар. Қытай мен Еуропа арасында құрылған жеткізілетін жүктің шамамен 85 пайызы осы жолдармен тасымалданады.

Өрине, мұның бәрі – табысқа ол-оңай жете қоямыз деген сөз емес. Бұл саладағы бәсеке күшейіп келеді. Себебі көлік және логистика мәселесі ең соңына дейін ажырама бөлігіне айналды. Осы тақырып жоғары деңгейдегі келіссөздердің күн тәртібіне біржола енді. Сондықтан, Қазақстан үшін де оның айрықша маңызы бар.

Еліміз Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» атты мегажобасын, «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін және Транскаспий көлік бағытын, яғни, «Орта дәлізді» дамытуға белсене атсалысып келеді. «Ресей – Қазақстан – Түрікменстан – Иран» бағытымен теңіз аяқтарына шығып, жүк тасымалдаудың болашағы зор деп санаймыз. «Орта дәліздің» жұмысына Қытайдың қосылуын құптаймыз.


Жалпы, бұл саланың әлеуеті өте жоғары. Мұнда тек инфрақұрылым туралы сөз болып отырған жоқ. Экономиканың барлық дерлік секторы осы іргелі салаға келіп тоғысады. Сондықтан, Үкіметтің алдына заманауи инженерлік және сервистік инфрақұрылымы бар көлік-логистика тораптарын салу, теңіз порттарын, әуежайлар мен теміржол вокзалдарын жаңғыртып жөндеу, сондай-ақ тиімді цифрлық экожүйе қалыптастыру міндеті қойылды.

– Мемлекет кейінгі жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға баса мән беріп отыр. Бұл шаруамен үкіметтердің бәрі айналысты. Бірақ, осы аса маңызды саладағы түйткілдерді ақыры шешімін тапқан жоқ. Әр министр өз бағдарламасын жүзеге асырмақ болды. Соның салдарынан қыруар ақша құмға сіңіп жоқ болды. Енді біз еліміздің бұл саладағы әлеуетін ойдағыдай пайдалана аламыз ба?

– Мемлекеттердің көбі ауыл шаруашылығына бюджеттен қыруар қаржы бөледі. Солардың қатарында Қазақстан да бар. Шаруаларға 2024 жылы 580 миллиард теңге, былтыр 1 триллион теңге жеңілдетілген несие берілді. Бұл – өте қомақты қаржы. Соңғы он жылда шаруаларға көрсетілген қолдаудың көлемі 10-есе артты, бірақ оның тиімділігі күмән тудырады. 2015-2024 жылдары ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 2,5 еседен астам өсті. Бұл көрсеткішті одан да көбейтуге болар еді.

Есесіне, егін шаруашылығындағы нәтижелер өте жақсы болды. Астық пен ұн экспорты рекордтық деңгейге жетті, өнім жеткізілетін елдердің географиясы кеңейе түсті. Бұл – егінің шығымдылығы мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға арналған шаралардың нақты нәтижесі.

Енді басқа бағыттардағы жұмысты күшейту қажет. Ең алдымен, мал шаруашылығын дамыту керек. 2035 жылға қарай әлемде мал етін тұтыну көлемі 233 миллион тоннаға дейін өседі. Соған сәйкес, оның импорты 27 миллион тоннаға дейін артады. Қазақстанның, сыртқа, әсіресе, Азия елдеріне ет шығаратын ірі экспорттаушыға айналатын мүмкіндігі бар. Сондықтан, былтыр қарашада өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумы дәл осы мал шаруашылығы саласына арналды. Билік ауыл шаруашылығын сапалық тұрғыдан дамыту үшін көп жұмыс істеп жатыр. Бірақ, қомақты инвестиция құю қалаған нәтижеге жеткізе бермейді. Оның тиімді жұмсалыуына баса назар аудару керек. Мен бұл туралы жуырда Таразға барған сапарымда айттым.





Жалғасы. Басы 1-бетте

Іргелес елдердің бірде-біреуінде ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан мұндай ауқымды көмек көрсетілмейді. Ол жақтағы шаруалар Қазақстандағы әріптестеріне жақсы жағдай жасалғанына таңғалып, оларды «ағарлық олигархтар» деп атай бастады. Дегенмен, еліміздегі шағын шаруашылықтар жеткілікті көлемде субсидия ала алмай отыр. Үкіметке осы мәселеге айрықша назар аудару туралы тапсырма берілді.

Әлбетте, субсидиялар керек. Әсіресе, қазіргі кезеңде өте қажет. Бірақ, мұның кері әсері де бар. Себебі, масылдық пығыл туғызып, ауыл шаруашылығына қауіп төндіріп мүмкін. Сондықтан, қазір Үкімет кооперативтерге, яғни шаруалар бірлестігін құруға қайта оралу мәселесін қарастырып жатыр. Кооперативтер еңбек енімділігін және ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыра алады. Сондай-ақ, дайын енімді сататын нарықтарға жақын болуға, тұтынушылармен ұзақ мерзімге арналған қатым-қатынас орнатуға жол ашады.

Дамыған елдердегі кооперация жақсы қырынан көрініп тұр. Тіпті, ірі корпорация деңгейіне жеткен бірлестіктер бар. Қазақстанның барлық ауылында табысты кооперация құруға негіз болатын алғышарттар жеткілікті. Шаруалар жазда малын бағып, сүт, ет, тері, жүн жинап, оны өңдеу үшін күш біріктіре алады. Солай етуге тиіс те. Күнкірстен өсіп-өркендеуге жасампаздық идеологиясы деп те қарастырыған дұрыс.

Бірақ, кооперация өзінен өзі пайда бола салмайды. Ел ішінде егжей-тегжейлі түсіндіру және ұйымдастыру жұмыстарын қолға алу қажет. Алайда, бірлестік құру ісін науқанға айналдырып, жұртқа қысым көрсетуіне оларды мәжбүрлеуге жол берілмейді.

— **Жиі талқыланатын тақырыптың бірі — туризм. Былтыр әлемдік деңгейдегі кейбір ақпарат құралдары Қазақстанды саяхат жасауға ең лайық елдердің қатарына қосты. Дегенмен, еліміздегі қуорттар мен танымал туристік орындардың жаппай қонақ күтуге дайындығына күмән жоқ емес.**

— Мұндай күмәннің туындауы заңды. Мен Үкіметке ескерту жасағаннан кейін туризмді дамыту жұмыстары жандана түсті. Алайда, алдымызда ұзақ та күрделі жол тұр. Бұл — экономика, мәдениет, қауіпсіздік және бизнес — барлығы бір жерге тоғысатын күрделі сала. Мұнда ең жұмысына жан-төнімен берілген кәсіби мамандар, ең бастысы, нағыз отаншыл азаматтар жұмыс істеуі керек. Туризм саласында жалқаулық пен немқұрайлылыққа, ашкөздік пен дерексіздікке жол жоқ.

Былтыр Қазақстанға миллиондаған шетел азаматы келді. Ішкі туризм қарқынды дами бастады. Мұның бәрі — өте жақсы үрдіс.

Әлем елдері туристерді тарту үшін жеке инвесторларға қолайлы жағдай жасап отыр. Біздің елде көрікті жерлер өте көп. Қазір экотуризмге деген сұраныс жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанға тең келетін ел жоқ секілді көрінеді. Алайда, белгілі бір себептерге байланысты, соның ішінде жауапты тұлғалардың біліктісіздігі мен немқұрайлығының кесірінен туризмнің болашағы зор осы бір саласы әлі күнге дейін кенже қалып отыр. Әзірге таныстыру, яғни презентация жұмыстарынан әрі аса алмай жатырмыз.

Туризмнің дамуына тұмса табиғатты қорғау деген желеумен кез келген жолдағы қарсы науқан ұйымдастыратын кейбір «эко-белсенділер» зиян келтіріп отыр. Көпшілігінің табиғатта шаруасы да жоқ. Олар өзінің танымалдығын арттыру үшін қоғамды дүрліктерді, қақтықталуларды айтқанда, «хайп» жасауды ғана көздейді. Туризм бизнесінде әбден әккі болған, бәсекелестердің шыққанын қаламайтын кәсіпкерлер кейде олардың қолтығына су бүркіп отырады.

Тау шаңғысы туризміне қатысты жағдай да осыған ұқсас. «Шымбұлақ» Алматы қаласының орталығынан небәрі жарты сағаттық жердегі ерекше табиғаттың ортасында тұр. Әлемде оған тең келетін демалыс орны кемде-кем. Алайда, көптен бері ештеңе жасалмаған қуорттың сыны да, сыры да кетіп, тозыл барады. Табиғаттың тамаша тартуы саналатын осы көрікті мекенді дамыту үшін тың тәсілдер қажет. Қазір еліміздегі тәжірибелі девелоперлік компания іске кірісті. Бірақ, Үкімет пен әкімдіктің қолдауына қарамастан, жұмыс барысы дайындық және таныстыру шараларынан аса қойған жоқ. Ал, көрші елдерде тау шаңғысы инфрақұрылымы қарқынды салынып жатыр.

Алматы тау кластерінің әлеуеті өте зор. Бұл салада аяқтаты адамдарға да, орташа табысы бар азаматтарға да бірдей қызмет көрсетілуіге тиіс. Сондықтан, ондағы туристік инфрақұрылымды әртарапталдыру мәселесіне назар аудару қажет.

Туризм саласындағы кадр тапшылығы — өте өзекті мәселе. Сондықтан, Түркістанда Халықаралық туризм және меймандостық университеті ашылды. 2024 жылы оқу ордасының алғашқы түлектері дипломдарын алып, еңбек нарығына қосылды. Алайда, бұл — жеткіліксіз. Кадр мәселесін шешу үшін қосымша шаралар қабылданады.

Дегенмен, салымыз суға кетіп, еңсемізді түсіріп отыруға да болмайды. Әлемдік деңгейдегі табиғаттар саяхатшыларға Қазақстанда демалуды ұсынып жатса, екі есе қарқынмен жұмыс істейміз керек. «CNN Travel» 2023 жылы Алматыны Орталық Азиядағы «сәні мен салтанаты жарасқан жаңа астана» деп атады. Алматы өкіміне шардары күндіз-түні қоңағы үзілмейтін Нью-Йорк, Мәскеу, Париж сияқты ерекшелік көз ілмейтін қалаға» айналдыру тапсырылды. Қалада инфрақұрылымды жақсарту, абаттандыру, жарықтандыру бағытында әлі де көп жұмыс істелуі керек.

— **Жасанды интеллектінің дамуы туралы сұрағым келеді. Сіз халыққа Жолдауыңызда Қазақстанды үш жылдың ішінде цифрлық елге айналдыру қажет деген нақты міндет жүктедіңіз. Ал, жаңа жылға арналған құттықтау сөзіңізде 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияладыңыз. Кездеген мақсатқа жету үшін не істеледі? Бастамаларыңыздың шын мәнінде табысты боларына сенесіз бе?**

— Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл — қазіргі жаңа технология дәуірінде өркеніеті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың өлі-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Оның үстіне, Қазақстанда азаматтарымыздың өмір салтын едәуір өзгерткен танымал финтех компаниялар табысты жұмыс істеп жатыр.

Технология саласындағы нағыз әлемдік алпауыттар — АҚШ пен Қытай арасындағы бәсеке қыза түсті. Америка басшысы АҚШ-тың үстемдігін нығайту үшін арнайы бағдарлама жүзеге асырыла бастағанын мәлімдеді. Қытайдың да шегінетін ойы жоқ, олар мұны ұлттық абырой-беделіне қатысты мәселе деп санайды. Қазірдің өзінде Қытайда жасанды интеллект мәселесімен айналысатын бес мыңға жуық компания жұмыс істеп жатыр. Басқа дамыған мемлекеттер де қамсыз отырған жоқ.

Қазақстан да экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектті енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндіктері жаман емес. Мемлекет көрсететін қызметтерді, қаржы технологияларын, экономиканың бірқатар секторын цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз бар. IT-старттаптарды қолдайтын толыққанды экожүйе тиімді жұмыс істеп тұр. Екі мың компанияның басын қосқан Astana Hub инновациялық кластері де бар. 2025 жылы IT-қызметтердің жалпы экспорты бір миллиард долларға жуықтады. Цифрлық активтерге арналған SurgutCity пилоттық аймағы құрылып жатыр. Жедел дамитын Alatau city қаласының құрылысы басталды. Мемлекеттік деректерді жинау және талдау жұмысының қарқыны күшейіп келеді. Кәсіби мамандар мұндай деректерді алдағы дәуірдің жаңа алтыны деп санайды.

Былтыр мамыр айында Жасанды интеллекттің дамыту жөніндегі кеңес жұмысын бастады. Оған шетелдің және еліміздің беделді сарапшылары шақырылды. Қарашада «Жасанды интеллект туралы» заңға қол қойылды, жаңа заң жақында күшіне енеді. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

құрылды. Alem.Cloud және AI-Farabium деп аталатын екі суперкомпьютер іске қосылды, Астана әкімдігі Біріккен Араб Әмірліктерінің танымал компаниясымен бірлесіп, дербес платформа құрды.

Кәсіби кадрларды даярлау үшін мектептер мен университеттерде тиісті білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, 650 мыңнан астам студент AI-Sana бағдарламасы аясында білім алды. Көп ұзамай Жасанды интеллект мамандандырылған зерттеу университеті ашалады.

Жасанды интеллект пайда болғаннан бері болашақтың кемесіне мініп үлгеретін елдер мен ескі заманда қалып қоятын елдердің арасы алшақтай бастады. Сондықтан, мен цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің Қазақстанның даму жолындағы басым бағыт деп жарияладым. Биыл өте көп шаруа атқарылады. Осы айрықша маңызды жұмысты табысты боларына сенемін.

— **Сіздің стратегиялық жоспарларыңыздағы ядролық энергетиканың орны қандай?**

— Сенімді энергия көзі болмаса, Қазақстан экономиканың жаңа технологиялық үлгісіне көше алмайтынын түсінугіміз керек. Суперкомпьютерлерге, дата-орталықтар мен автоматтандырылған өндіріс көшендеріне өте көп энергия қажет. Бұл — жаңа жандық технологиялық құрылыстың басты талабы.

Қуат көздерін салу үшін білікті мамандар керек. Капитал қоры шамамен 4,5 триллион доллар болатын әлемдегі ең ірі компания — NVIDIA-ның басшысы жақында «көк жағалылар», яғни техникалық мамандық иелері мультимиллионерлер қатарына қосылды деп болжам жасады.

Бірнеше атом станциясын салу — біріншіден, тарихи олықтылықты орнын толтыру деген сөз. Себебі, уран өндірісі бойынша әлемде көш бастап тұрған елдің бірде-бір атом электр станциясын салмауы мүлдем ақылға қонбайды. Екіншіден, бұл қадам Қазақстанның абырой-беделін нығайта түседі. Біз атом станцияларын салу арқылы техникалық интеллигенцияның жаңа буынын қалыптастырамыз. Тиісінше, мемлекеттік саясаттың түпкі мөнін өзгертеміз. Осыны қаперден шығармаған жөн.

Тағы бір өте маңызды тақырып — жер қойнауында сирек кездесетін металдар. Болашақта ондай материалдарға деген сұраныс арта береді, алдағы бес жылдың өзінде бұл сұраныс екі есе өседі. Осы ретте, Қазақстан үшін тағы бір мүмкіндік ашылды. Еліміз жер қойнауында сирек кездесетін минералдар қоры бойынша әлемдік көшбасшылар қатарына қосылуы әбден мүмкін. Қазақстан стратегиялық маңызы бар осы саладағы өз рөлін күшейту үшін АҚШ, Қытай, Ресей, Оңтүстік Корея, Жапония елдерімен және Еуропа Одағының бірқатар мемлекетімен ынтымақтастығын дамыта бастады.

— **Тағы бір тақырыпқа ойыссақ. Жұрттың бұрыннан толғандырып жүрген мәселелер бар. Мысалы, кейбір ірі бизнес екілдерінің өмірі сенсалтанатқа толы. Олар қалталы азаматтардың да, қарапайым адамдардың да қамын ойлап өмір сүруді қашан үйренеді?**

— Бизнес — кез келген елдегі экономиканың негізгі тірегі. Біз ұзақ жолды жүріп өттік. Осы жолда жұрт жеке меншік институтына ешкім қол сұқпауға тиіс екенін түсіне бастады.

Мен мемлекеттік билік жүйесінде жоғары лауазымды қызметтерді атқара жүріп, сөзбен де, іспен де ұлттық буржуазияның заңды мүддесін қорғауға тырыстым. Себебі, экономиканы өркендету және мемлекеттің қоғамдық негіздерін нығайту ісінде кәсіпкерлер елеулі рөл атқаратынын жақсы түсінемін.

Тарихи себептер мен ұлт болмысындағы ерекшеліктерге байланысты ірі бизнесмендеріміз қарапайымдылық, ұстамдылық сияқты қасиеттерге мән бере қоймайтыны рас.

Мен Швейцарияда жұмыс істеп жүргенде аса ірі әрі белгілі кәсіпкерлермен кездесулер өткіздім. Сол кезде олардың өз қаражатын өте үнемдеп жұмсайтынын және елден дараланып көзге түскісі келмейтінін көріп, таңғалдым. Миллиардтаған қаржысы бар адамдар қонақуыңді қарапайым бір бөлмесінде тұруға намыстанбайды. Жеке ушақпен ұшпақ түгілі, бірінші санаттағы орындарға да отырмайды. Бірақ, бұл — олардың бойында ғасырлар бойы қалыптасқан дағды.

Ал, біздің кәсіпкерлеріміз үшін қалыпты көрінетін өмір салты кейде қоғамның наразылығын тудырып жатады. Мұндай жағдай көптеген елде бар. Сол үшін де қайырымдылық қызметі жұмыс істейді. Бұл — қоғам мен бизнес арасындағы өзара келісім іспеттес.

— **Сіз Республика күні қарсаңында өткен азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттау рәсімінен кейін кәсіпкерлермен жеке кездесіп, оларға наразылығыңызды ашық айтыңыз деп естідік. Құпия болмаса, әңгіме не туралы болды?**

— Жаңа ғана сөз болған қайырымдылық туралы, отаншылдықты жасампаз іспен көрсету жөнінде сөйлестік. Бізге халық алдындағы жауапкершілігін жақсы білетін әрі соны терең түсінетін ұлттық буржуазия керек.

Себебі, халық болмаса, олар ешқашан табысқа жете алмас еді. Мен қоғамның игілігіне қызмет ету билік жүктеген міндет емес, мәртебелі парыз екенін тағы да олардың есіне салдым. Осы орайда, шетелде табысқа жетсе де, туған жерін ұмытпай, халқына көмектесіп жүрген ірі кәсіпкерлерді жақсы үлгі ретінде атап өттім. Ондай азаматтар ауқымды жобаларды жүзеге асырып жүр. Қалаларда инфрақұрылым салып, жөндеп, мұражайларды, емханалар мен мектептердің құрылысын қаржыландырып жатыр.

Қазақстанда көп нәрсе өзгерді. Қоғамдық сана жаңғыра түсті, мемлекеттік басқару жүйесі жаңарды, саяси қайраткерлер ауысты. Ірі кәсіпкерлер ғана жүрісінен жаңылмай, бәз-баяғы қалпында келе жатыр. Бірақ, бұл, бір жағынан, биліктің бизнеске көзқарасы дұрыс екенін көрсетеді.

Кәсіпкерлердің бәрі бірдей мемлекеттің қолдауын дұрыс түсіне бермейді, әрдайым солай болуға тиіс деп қабылдайды.

Олар ауқымды жобаларды бастап алып, қип етсе Үкіметтен көмек сұрайды. Мен оларға «бизнеспен айналысып жатқан сіздер ме, әлде Үкімет пе?» деп сұрақ қойдым.

Қиырғы саяси ойындармен әуестеніп кеткен кейбір кәсіпкерлерді сынауға тура келді. Бизнесмендер ел экономикасын өркендету үшін жұмыс істеуі керек. Тіпті, кәсіптің жігілін шағып, майын ішкен Илон Масктің өзі саясатқа белсенді араласпау туралы шешім қабылдады.

Отандық бизнес өкілдері тарихымызда бұрын-соңды болмаған алапат тасқын кезінде елдік істен шет қалған жоқ, апат салдарын жоюға қаржылай көмек көрсетті. Бұл — қуанарлық жағдай.

Мен қайырымдылықпен айналысып жүрген азаматтарды қолдау үшін арнайы «Мейірім» орденін енгіздім. Елге жанашырлық көрсетіп, әлеуметтік жауапкершілік танытқан кәсіпкерлер биліктен бастап осы жоғары наградаға ие болады. Осылайша, олардың қоғам алдындағы абырой-беделі мен мәртебесі айқындалады.

— **Тағы бір өзекті тақырып. Қаңтар оқиғасына қатысқан бірқатар азаматқа байланысты сот процесі туралы ақпарат БАҚ беттерінде былтыр ара-тұра жарияланып тұрды. Төреге амалдары әлі жүріп жатыр ма?**

— Бұл тақырыпқа қатысты негізгі мән-жайдың бәрі әлдеқашан белгілі болды. Сол оқиғалар бойынша төреге жүргізу кезінде құқық қорғау органдары азаматтық қоғам өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Бірқатар қоғамдық комиссия құрылып, оған белгілі заңгерлер жетекшілік етті. Мұндай қадам жұмыстың бейтарап ұстаныммен жүргізілуіне, сол арқылы барлық оқиғаның ақ-қарасын анықтауға мүмкіндік берді. Осы орайда, азаматтық жауапкершілік танытып, кәсіби біліктілігін көрсеткені үшін оларға ризашылығымыз білдірілмек еді.

2022 жылдың наурыз айында Парламентте арнайы қоғамдық тыңдау өтіп, бұл оқиғаға және еліміздің конституциялық құрылымын бұзбақ болған қылмыскерлердің әрекетіне егжей-тегжейлі баға берілді.

Иә, кейбір сот процестері, сондай-ақ, қаңтарда ұрланған көптеген қаруды іздестіру жұмыстары әлі жалғасып жатыр. Сол күндері қылмыскерлер үш мыңнан астам қару-жарақты иемденіп кеткен еді. Бірақ күштік құрылымдардың арқасында қару-жарақ жасырылған қоймалардың көбі табылды.

Қаңтар оқиғасын талқылайтындар көбінесе сол кездегі дағдарыстың түпкі мөнін түсінуге еш пайдасы жоқ дүниелерді қазбалап кетеді. Сол үшін оларды кінәлауға да болмас. Дегенмен, ақиқат жолында ешқашан қызылалқа салынбау керек. Алматыдағы алашпыран туралы жиі айтылып жатады, мұны түсінуге де болады. Бірақ, зұлымның сиқырлы таяқшасымен жасалғандай адам сенгісіз жағдайлар болғанын да естен шығармау керек. Нақтырақ айтқанда, бүлікті ұйымдастырушылардың өмірімен бір мезетте он екі қалада жаппай тәртіпсіздік белең алды. Оның арты қаскөйлердің көптеген облыс әкімдіктері мен құқық қорғау органдарының ғимараттарын басып алуына әкеп соқтырды.

«Төңкеріс» жасауға әбден машықтанған мамандардың жетекшілігімен тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар Үкіметтің жанар-жағармай бағасын өсіру туралы шешімін желеу етіп, адамдарды жаппай шеруге шығуға итермеледі. Сосын азаматтардың, мемлекеттік қызметшілердің, бір таңғаларлығы, күштік құрылым қызметкерлерінің едәуір бөлігінің арасында дүрбелең туғызды. Олар қару-жарақ пен құпия құжаттарды қараусыз қалдырып, жұмыс орындарын тастап, кете бастады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ішкі істер министрлігінің кейбір басшылары сын сағатта Отан алдындағы адалдығын сақтап қала алмады, кәсіби деңгейі де төмен екенін көрсетті.

Осындай жағдай, әсіресе, бүлікшілердің басты нысанасы болған Алматыда анық байқалды. Әскери қызметшілер мен қала тұрғындары қатты қорлыққа ұшырады. Әкімшілік ғимараттар, сауда орталықтары, дүкендер мен банктер қирап, өртке оранып, тоналып жатты. Мұндай жүгенсіздікке қарсы төтенше шаралар қабылдау қажет болды. Қазір, арада біраз уақыт өткен соң, пығылы арам әрі сана-сезімі таяз кейбір адамдар мемлекетіміздің елді құрдымға жібере жаздаған сұмдық берекесіздіктен аман қалғаны жайлы әңгімеміз әдейі айналып өтіп, қасақана ойына келгенді айтып жүр.

— **Қаңтар оқиғасынан кейін сіз олигополияға қарсы күресті қолға алып, заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару жөнінде бастама көтердіңіз. Сол үшін Бас прокуратураның жанынан арнайы комитет құрылды. Бірақ, былтырғы Жолдауыңызда бұл құрылымның атауын Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгерту туралы тапсырма бердіңіз. Жұрт бұл шешімді жете түсінікпемей отыр. Мұндай қадам заңсыз активтерді елге қайтару тақырыбы осымен жабылдың дегенді білдіре ме?**

— Өрине, жоқ. Бас прокуратураның мәліметтеріне тоқталып өтейін. Заңсыз активтерді елге қайтару жөніндегі комитет үлкен жұмыс атқарып, олигополия екілдерінен 1,3 триллион теңгеден астам қаржы өндіріп алды. Соның 1 триллион теңгеден астамы мемлекет қазынасына түсті. Арнайы мемлекеттік қордағы қаражат есебінен елімізде жалпы құны 482 миллиард теңге болатын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысан салынып жатыр. Оның қатарында 227 сумен қамтамасыз ету, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 5 спорт, 8 инфрақұрылым нысанын құрылысы бар. Сондай-ақ, Павлодар, Арқалық, Балқаш қалаларындағы әуежайлар жаңғыртылып жатыр.

Жұмыс жалғаса береді. Активтерді сараптап, оның заңдылығын анықтау құзыры органдардың күнделікті қызметінің бір бағытына айналды. Ең бастысы, барлық жұмыс ашық әрі әділ болуға тиіс. Енді бұл шаруаны бір орталықтан үйлестіріп жүргізудің қажеті жоқ. Жұмыс бір қалыпқа түсті. Сондықтан, алға қадм басып, инвесторлардың құқығын қорғауға баса мән беретін кез келді.

Активтерді құман тудырып, құдікке ілінген адамдардың көбі қаржысын елге инвестиция ретінде салуға ниет білдірді. Олармен жалпы сомасы бес триллион теңгеден асатын келісімдер жасалды. Бұл қаражатың есебінен инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмаз. Оның ішінде туристік, көлік-логистикалық орталықтар, тау-кен, металлургия, энергетика секторларына қатысты жобалар бар. Әлбетте, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларына, сондай-ақ, мұқтаж жандарды оңалту және әлеуметтік ортаға бейімдеу бағдарламаларын қаржыландыруға айрықша назар аударылады.

Бас прокуратура мен Үкіметтің алдында барлық жоспарларды және уағдаластықтарды орындау міндеті тұр. Бұл — аса маңызды жұмыс.

Заңсыз активтерді елге қайтару арқылы әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру — қоньқутюра не болмаса жұртқа жағу үшін жасалған саяси науқан емес, бұл — мемлекеттің мызғымас ұстанымы. Әңгіме индүлгенция немесе ымыраласып, астыртын келісім жасау туралы болып отырған жоқ, олай болуы мүлдем мүмкін емес.

Қазақстан әлем қауымдастығына халықаралық құқықты қатаң сақтайтын ел екенін көрсетіп келеді. Бірақ, кейбір «кәсіпкерлер» қоғамдық пікірді өз мүддесіне қарай бұрмалауға тырысады, шетелде жатып алып, өздерін саяси режимнің құрбаны етіп көрсетеді, «инвестор» ретіндегі құқығын тапталып жатқанын айтады. Біз заң аясында адал диалог жүргізуге дайынбыз. Өйткені, ұстанымдарымыздың дұрыс екеніне сенімдіміз. Қазақстан алдағы уақытта да заңдары инвесторларға қолайлы мемлекет ретіндегі мәртебесін нығайта береді.

— **Кейбір оқырмандар әлеуметтік желіде сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыты болудан қалды деген сыңайда пікір айтып жүр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің дербес мәртебесі жойылғанын осының бір дәлелі ретінде келтіреді. Бұл реформаның мәні неде?**

— Мұндай пікірлерден хабарым бар. Оның бәрін дұрыс түсінбеушілік немесе кейбір «қарам ойлы» адамдардың бөз әңгімесі деп санаймын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігін дербес мемлекеттік орган ретінде өзіне жүктелген міндетті табысты орындады. Оған кінә арта алмаймыз. Ұлттық қауіпсіздік комитеті де жемқорлықпен күреседі. Екі мекеменің бір міндетті қабаттаса атқаруы мемлекетті маңызды бар жұмысқа кесіріп тігізе бастады.

Сыбайлас жемқорлықпен барлық деңгейде күресу мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді. Бұған қатысты ешқандай күмән тұмауға тиіс. Қабылданған шешім қатардағы жемқорларды ғана емес, қылмыстық әрекеттің идеологтары мен ұйымдастырушыларын да жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қылмыстың алдын алу үшін түсіндіру және ағарту жұмыстарына әдеттегідей айрықша назар аударылады. Қазір бұл — мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құзырындағы міндет. Жалпы, жемқорлықтан аулақ болу қажеттігін балалардың құлағына жастайынан құя берген жөн. Бұл жерде мектептер, қоғамдық ұйымдар, белсенді азаматтар, әсіресе, ата-аналар шешуші рөл атқаруға тиіс. Сол кезде елімізде жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа мүлдем тәзбеу мәдениеті қалыптасады.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті санмен әуестенбей, сапаға мән беріп, жемқорлыққа қарсы нақты жұмыс жүргізеді. Сонда мемлекеттік қызметшілер құқық қорғау қызметкерлеріне жалтақтамай, батыл шешім қабылдайтын болады.

— **Сіз Жолдауыңызда әлеуметтік жеңілдіктер тым көбейіп, масылдың пен алаяқтыққа жол берілгенін қатаң сынға алдыңыз. Жұрт иммиграцияға қатысты көзқарасыңызды да білгісі келеді...**

— Қазақстан — әлеуметтік мемлекет. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, ғылым және мәдениет саласына қатысты барлық міндеттеме толық орындалады. «Сырт көз — сыныш» деген сөз бар. Шетелдіктер, әсіресе, көрші мемлекеттердің тұрғындары біздің елдегі әлеуметтік қызметтің соншалықты дамығанына қызыға да, қызғана да қарайды. Соның ішінде кепілдік берілген тегін медициналық көмек

және азаматтарға арналған көптеген жеңілдік бар. Тіпті, Қазақстанды «коммунизм орнаған» ел деп атай бастады.

Мысал ретінде, жекеменшік мектептердің иелері де ауқымды мемлекеттік субсидия алатын орта білім жүйесін айтуға болады. Барлық аймаққа жекеменшік мектептердің, балабақшалардың, оқу орталықтары мен үйірмелердің жұмысын қамтамасыз ету үшін «жан басына сәйкес қаржыландыру» қағидаты бойынша қомақты қаражат бөлу міндеті жүктелген. Бұған қоса, ауақтаты кәсіпкерлердің меншігіне де және ата-аналары балалардың оқу ақысына көп ақша төлеп отырған элиталық мектептерге де бюджеттен қаржы бөлінеді.

Бұл саланы мемлекеттен қаржыландыру жүйесінің өзін реформалау керек. Министрліктің бұрынғы басшылары енгізген бүгінгі бұрмаланған тәртіп бей-берекеттікке әкел соқтырады, себебі, қазірдің өзінде қаражат жетпей тұрды.

Жекеменшік медицина саласында да осыған ұқсас ахуал қалыптасқан. Бұрын жекешелендірілген медицина мекемелері көбінесе күрделі құрал-жабдықтар сатып

Жуырда Тараздағы мамандандырылған әскери мектепке бардым. Онда әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасылардан шыққан балалар оқиды. Бұл – жақсы бастама. Мен осы мектепке аты аңызға айналған батырымыз Бауыржан Момышұлының есімін беру туралы шешім қабылдадым. Облыс орталығының бөрінде осындай мектеп ашу туралы тапсырма бердім. Бұл білім мекемелерінде бүкіл еліміз мақтан тұтатын сардарлар мен генералдар тәрбиеленіп шығатынына сенімдімін.

– **Тағы бір өткір тақырып – көлік апаты. Өкінішке қарай, жыл сайын жол-көлік оқиғасының салдарынан мыңдаған адам қаза болады. Сіз Жолдауыңызда да бұл тақырыпқа тоқталып, мәселені ретке келтіруді талап еттіңіз. Оң өзгерістер бар ма?**

– Бұл – көптеген ел үшін өте өзекті мәселе. Басты себептің бірі – автокөліктің көбеюі. Еліміздегі автокөлік саны былтырдың өзінде 300 мыңға, ал, соңғы бес жылда 1,7 миллионға көбейді. Оның үстіне, шамамен 3 миллион транзиттік автокөлік еліміздің аумағы арқылы өтеді. Автокөлік көбейген сайын, жол үстінде апат болу ықтималдығы арта түседі.

Ішкі істер министрлігі құқық бұзушылықты анықтау және оның жолын кесу жұмыстарын жандандыра түсті. Инфрақұрылым жетілдірілді, бақылау күшейді. Айыппұлды өсіру туралы шешім де, ең алдымен, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданды.

Соның нәтижесінде ахуал жақсарып келеді, көлік апаттарынан болған адам елімі 9,4 пайызға азайды. Алайда, қоғам қол ережесін сақтауға немқұрайлы қараса, қолға алынған шаралардың еш-қайсысы тиісті нәтиже бермейді. Түптеп келгенде, жүргізушілер қарапайым, бірақ өте маңызды талаптарды сақтамағандықтан, жан түршігерлік апаттар болып жатады. Бұл жағдай көлік жүргізушілерінің қол ережесін білмеуінің немесе оны біле тұра еле-меуінің кесірінен арына алады. Дәл осындай жауапсыз жүргізушілер адам өліміне әкеп соқтыратын апаттарға себепкер болады.

Кейбір дамыған елдерде көлік апаттарының алдын алу үшін жаңа тұжырымдама енгізіліп жатыр. Соған сәйкес әр адам полиция қызметкерлеріне ұсталып қалудан қорыққандықтан емес, өзінің және басқа адамдардың қауіпсіздігін ойлағандықтан жол ережесін сақтауға тиіс.

Бұған қоса, осы салаға жаңа технологияларды, соның ішінде жасанды интеллекттің кеңінен енгізген жөн. Біз көліктер тоқтаусыз жүретін көшелер саламыз. Сондай-ақ, қоғамдық көліктердің қауіпсіздігіне айрықша назар аударамыз. Себебі, автобустардың жол апатына ұшырауы азаюдың орнына көбейіп барады.

– **2025 жылдың екінші жартысы еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды оқиғаларға тоқты болды. Сіз қысқа мерзім ішінде Бейжіңде, Вашингтонда, Мәскеуде, Анкарада, Абу-Дабиде, Ташкентте, Душанбеде, Бішкекте, Ашхабадта және Токиода болып қайтқан әлемдегі санаулы қайраткердің бірісіз. Өзіңізді ірі халықаралық қақтығыстарды шешу үшін ара ағайын болуға арнайы шақырады деген де болжамдар бар. Бұл туралы не айтар едіңіз?**

– Сыртқы саясатқа қатысты жоғары деңгейдегі іс-шаралардың көптігі Қазақстанның абырой-беделі есіп, халықаралық құқық субъектісі ретіндегі рөлі арта түскенін көрсетеді. Шетелге жасаған сапарларымынан бөлек, Азия, Еуропа және Тазу Шығыс аймақтарындағы ықпалды мемлекеттердің басшылары Астанаға сапармен келді.

Өрбір келіссөзде экономикалық және инвестициялық ықпалдастыққа, әлемдік аренадағы қарым-қатынасқа қатысты маңызды мәселелер көтеріледі. Былтыр экономикामыздағы басымдық берілген салаларды дамыту үшін жалпы сомасы 70 миллиард доллардан асатын құжаттарға қол қойылды.

Қазақстан Еуразия кіндігінде орналасқан ел ретінде, әсіресе, қазіргі алмағайып заманда түрлі үдерістен сырт қалмауы керек. Біздің халықаралық қатынастағы негізгі мәселелер туралы өз көзқарасымыз, нақты ұстанымымыз болуға тиіс. Сондықтан, мен БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында осы әмбебап ханандық ұйымды реформалауға қатысты Қазақстанның ұстанымын егжей-тегжейлі айтып өттім.

Халықаралық дау-дамайларда ара ағайын болатын ешқандай ойым жоқ, сондай-ақ, бірқатар елдердің ұсыныс-пікіріне қарамастан, БҰҰ-дағы жұмысқа қайта оралатын ниетім де жоқ. Бірақ, халық кеңестер мен пікірталастарға қатысамын, оның үстіне бірқатар мемлекет басшылары менің пікірімді білгісі келеді. Мен үшін осы маңызды жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың еш қажеттігі жоқ, себебі популизмнен аулақпын. Бұл ұстанымым жабық кеңестерге қатысушылар үшін де маңызды болса керек.

– Жаңа жыл қарсаңында Кремльде Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев Ресей басшысымен тағы да кездесті. Кремльге қарасты ақпарат құралдары бұл жайында кеңінен мәлімет таратты. Кездесу туралы көптеген пікір айтылып, өсек-аян өрбіді. Тіпті, Қазақстанда 2029 жылы болатын билік транзиті туралы сөз қозғалыпты, Назарбаев Владимир Путиннің тікелей қолдауымен сол істе өңге басты рөл атқарғысы келеді екен деген алып-қашпа әңгіме шықты. Сіз былтырғы сұхбатыңызда Тұңғыш президент партияның ірі қайраткері ретінде көп уақытын өткізген Мәскеуді сағынатын болар, сондықтан ол жаққа жиі барады деп түсіндірген едіңіз. Дегенмен, көптеген азамат Сіздің осындай «саммиттерге» шынайы көзқарасыңызды білгісі келеді.

– **Тұрақты түрде өткізіліп жүрген кездесулер бейресми сипатқа ие. Мұны Ресей президентінің өзі де атап өтеді. Тауада өткен Санкт-Петербургтегі басқосуда Владимир Путин маған Нұрсұлтан Назарбаевты оның өтініін сұрауы бойынша қабылдайтынын айтқан еді.**

Ресей президентінің ерекшелігі: ол достарымен және әріптестерімен жылы қарым-қатынас

құра біледі. Жұмысы өте қарбалас болса да, сен-бі күні Қазақстанның Тұңғыш президентімен асықпай әңгімелесуге уақытын бөлді. Ол Нұрсұлтан Назарбаевты Еуразиядағы ықпалдастық үдерісінің бастауында тұрған тәжірибелі саясаткер ретінде бағалайды. Ресей бұл үдерісте жетекші рөл атқарып отыр. Кремльдегі кездесу Владимир Путиннің адамгершілігі жоғары екенін көрсетеді.

Ондай әңгімелер барысында не айтылғаны маған қызық емес, бұл туралы ешқашан сұрақ қоймаймын.

Ал, Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке басына келер болсақ, мен оны қазіргі қазақ мемлекеттігінің негізін қалаған тұлға деп санайтынымды бірнеше рет айттым. Оның мемлекеттік институттарды және экономиканың нарықтық тетіктерін құру, жаңа астанамызды салу жолындағы еңбегін бәрі біледі. Өзіңізге мәлім, біз Қазақстанды Әділдік, Заң және Тәртіп орнаған ел еткіміз келеді. Сондықтан, ешкімді алапалай, әр азаматтың еңбегін әділ бағалау керек. Бұл еліміздің Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа да қатысты.

– **Ал билік транзиті туралы не айтасыз?**

– Бұл жөнінде сөз қозғауға әлі ерте, алдымызда

табанды жұмысқа толы бірнеше жыл бар. –Кейбір сарапшылар парламенттік реформа бір ғана мақсатпен – Парламент төрағасы лауазымын мемлекеттік басқару жүйесіндегі ең басты лауазымға айналдыру үшін ғана өткізіледі деп санайды. Сіз бұл лауазымды өзіңізге дайындап жатырсыз деген де сыбыс бар...

– Бұл – бос әңгіме. Мұндай пікір менің саяси қағидаттарыма қайшы келеді. Мен Қазақстанның президенттік басқару үлгісіндегі мемлекет екенін бірнеше рет айттым. Осыдан 8 жыл бұрын, яғни Ақордаға келгенге дейін «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасын жарияладым. Жеке бастың қамын күйттеп, мемлекеттік жүйені тұтастай өзгерте салу барып тұрған жауапсыздық, тіпті, адамгершілікке жатпайтын әрекет болар еді.

Еліміз үшін аса маңызды реформаның бәрі жалпыхалықтық референдумға шығарылады. Бұл жерде ешқандай астыртын ойлар жоқ. Менің ұстанымым баршаға белгілі, саяси реформалар жалғаса береді. Ұзақ мерзімге арналған жоспардың бір бөлігі әдеттегідей жақын арада жарияланады.

– **Биыл саяси тұрғыдан алғанда қандай жыл болмақ?**

– Қазіргіді өзінде нақты айта аламын: биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдары айқындалатын жыл болады. Мен конституциялық реформаға қатысты референдум өтетінін алдын ала айттым. Қазір сарапшылар тобымен бірге Ата заңымыздың редакциясына қатысты ұсыныстарды қарап жатырмыз. Жоспарланған өзгерістер өте көп, бәрі тұтаса келгенде жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасаймыз дегуге болады.

– **Сіздің күрделі мәселелерге әзілмен қарай алатыныңызды, ойыңыздың астарын өмірде болған тағылымды тарихи оқиғалар, я болмаса дипломатиялық тәжірибелізден алынған мысалдар арқылы жеткізетініңізді «президенттік орта» жақсы біледі деседі. Олар өткен кезеңнің белгілі тұлғаларын да жиі тілге тиек ететініңізді айтатын көрінеді. Жоғары деңгейдегі саясаткер ретінде бұл қабілетіңіз Сізге септігін тигіз ме?**

– Өзіп айта білу және тарихи деректерді жетік білу үлкен саясатта да жоғары бағаланады. Мен көсібі тарихшы емеспін. Сондықтан, көптің алдында өткен дәуірлерге қатысты тақырыптарға бара бермеймін. Бірақ, тарихқа қызығамын, кітаптар мен мақалалар оқимын. Десе де, тарихи деректерді қазіргі саясаттың мүддесіне пайдалануға болмайды деп санаймын.

Белгілі жазушы, драматург Эдвард Радзинский өткен ғасырдағы 80-ші жылдардың басында Сталин туралы іргелі зерттеу кітабын жазуға кіріскенін айттыпты.

Қаламгердің елге «қайта құру қаһармандары» ретінде танылған достары «Сенің Сталинің кімге қажет? Ашықтық пен демократия дәуірі басталғанын білмейсің бе? Сталинизм заманы келмеске кетті» деп кекетсе керек. Сонда жазушы «Мен кітапты жазып бітірген кезде жұрт Сталиннің суретін көтеріп алып, көшеде жүретін болады» деген екен. Ақыры солай болып шықты.

Тарихтан талай нәрсені үйренуге болады, күні кеше ғана куньда жүрген жандар ертең-ақ ұлы тұлға атанады. Есесіне, Ленин сынды көсемдердің әжуаға айналуы оп-оңай, халық оның қанатты сөздерін әлдеқашан ұмытқан. Ал, Троцкий өз естеліктерінде «партиямыздың ең көрнекті ортақол адамы» деп атаған Сталинді қазір жұрт мадақтайды, тіпті, «Қадр бәрін шешеді», «Бала өкесі үшін жауап бермейді», «Өмір қандай керемет, өмір қандай көңілді», «Табыстан бас айнал», «Гитлерлер келеді-көтеді, ал неміс халқы қала береді» деген сөздері үшін пір тұтады. Осындай тарихи парадокстар бізде де аз емес...

– **Ойыңызды тарқатып айтасыз ба?**

– Кез келген елдің, соның ішінде біздің де төл тарихымызда қайшылыққа толы оқиғалар мен ақиқатынан аңыз басым тұлғалар жетіп артылады. Тарихи деректерді бұрмалау, халыққа жасаған еңбегі күмәнді, яғни нақты мәліметтермен немесе құжаттармен дәлелденбеген адамдарды шамадан тыс ұлықтап көрсету – мен үшін мүлде ақылға қонбайтын нәрсе.

Соңғы жылдары Қазақстанда тарихты талқылау санге айналды. Түрлі подкасттар, фильмдер, мақалалар мен кітаптар шығып жатыр. Өрине, халықтың төл шежіресін тануға деген қызығушылығын түсінуге болады. Жалпы, бұл – құптарлық дүние.

Алайда, өкінішке қарай, мемлекетке кесірі тиетінін жете түсінбей, көпшіліктің көңілін табу үшін ойдан шығарылған деректер мен жалған ақпараттар тарататын, халқымыздың басынан өткен қиындықтарға өзге жұртты кінәлайтын тарихшысымақтар пайда болды. Жұрт олардың сандырағына сеніп,

өткен дәуірдің жалған батырларын ұлықтай бастады. Мұның соңы жақсылыққа апармайды. Бұл – ақиқат жолы емес, керісінше «жалған түсінік туғызатын теріс жол».

Біз болашаққа ұмтылған қоғам, біртұтас ұлт ретінде төл тарихымызды танып, оны қаз-қалпында қабылдай білуіміз керек. Бізге негізсіз аңыз-әңгімелердің еш қажеті жоқ, оның бәрі сана-сезімімізге кеселін тигізеді. Тарих жұртты дауластыратын, жауластыратын тақырып емес, керісінше, қоғамды ұйыстыратын құндылық болуға тиіс. Ойдан шығарылмаған, яғни ақиқатқа құрылған шежіре бізді тарихтан тағылым алып, кемшіліктерімізді түзетуге, сол арқылы болашаққа сеніммен қадам басуға үйретеді. Сондықтан, біз Абайды және оның ой-толғамдарын кеңінен деріптеп келеміз. Ол қоғамдағы кемшіліктерді бүкпесіз айтып, «Толық адам» болуға бастайтын дұрыс жолды нұсқап кетті. Ұлы ойшылдың ұрпаққа қалдырған баға жетпес мұрасы саналатын «Қара сөздері» әлі күнге дейін өзекті болып отыр.

Абай халқымыздың еңбекқор, білімпаз және адамгершілігі жоғары болғанын қалады. Мән-мағынасы жоқ сансыз пікірталастан басқа ұрпаққа ұлағат боларлық сөз қалдырмаған бірқатар қоғам қайраткерлерінің мұрасынан Абай ілімі әлдеқайда биік тұрғаны анық. Бірде-бір дәуірде, әсіресе, саяси аласапырандар көзеңінде көпірме сөздің еш пайдасы болмаған.

– **Сіздің «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойғаныңыз былтырғы айтулы қадамның бірі болды. Жұрт идеологияны релі, отаншылдық туралы жиі айтады. Сіз отаншылдық дегенді қалай түсінесіз?**

– Меніңше, отаншылдық деген ұлы сезім жылтырақ сөзбен, жалған әрекетпен бағаланбауға тиіс. Нағыз отаншыл азамат жұрттың алдында кеудесін соғып көрмейді, өтегі жасқа толып еңіремейді, оңды-солды сұхбат беріп ділмәрсімейді. Үндемей жүріп, үлкен іс бітіреді. «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жаратынымыз» бәрі патриот емес. Отаншыл болу – туған елінің, отбасыңның игілігі үшін аянбай еңбек ету деген сөз. Қоқысты жинау, тал егу, табиғатты аялау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету де – отаншылдықтың белгісі.

Мен аймақтарға іссапармен барғанда инженерлермен, жұмысшылармен, мұғалімдермен, дәрігерлермен, шаруалармен, әскери қызметшілермен, мәдениет қайраткерлерімен кездесемін. Олардың бәрі – сүйікті Отанымыздың нағыз патриоттары. Отан отбасыңнан, аулаңнан, көшеңнен басталады. Сондықтан, айналанды аялап, табиғатты таза ұстау керек.

Әлемде мультикультурализмді қолдап, ұлтаралық және дінаралық татулықты жақтайтындар мен өзін нағыз патриот санайтын радикалды ұлтшыл топ өкілдері арасында қақтығыс болып жатыр. Меніңше, екі жақтың да ұстанымы ұшқары. Себебі, Азияда бағзы заманнан бері заң мен тәртіпке бағынып, береке-бірлікте, тату-тәтті өмір сүрудің «үлгілі үйлесімі» бар.

Мен бұған дейін қоғамдық өмірдің «Бірлігіміз – әралуандықта» деп аталатын маңызды қағидатын жарияладым. Бұл азаматтарымыз бірін-бірі құрметтеп, сабыр сақтап, тәртіпті болуы қажет дегенді білдіреді. Тағы да қайталап айтайын: Қазақстан үшін «Заң мен Тәртіп», қолмен істегенді мойынмен көтере қағидаттары айрықша маңызды. Әйтпесе, жоспарларымызды орындап, мақсаттарымызға жету екіталай болмақ.

– **Биыл Қазақстан халқы қастерлі Тәуелсіздігіміздің 35 жылдық мерейлі белеске жеткенін атап өтеді. Бұл – тарих тұрғысынан алғанда қас-қағым сәт болғанымен, кекелеген мемлекеттер мен адамдар үшін біршама ұзақ мерзім. Сіз Қазақстанның жүріп өткен жолын қалай бағалар едіңіз? Алдағы бағдарымыз қандай?**

– Мемлекет құру ісінің күреңгі болған және бұл іске атсалысқан азамат ретінде «осы жылдарда Тәуелсіз Қазақстанның игілігі үшін өте көп жұмыс атқарылды» деп айта аламын. Іш, жетістіктермен қатар, қателіктер де болды. Онсыз мүмкін емес қой?! «Білмейтін жолдың ой-шұңқыры көп» деген сөз бар. Қалай болғанда да, еліміз бұралаңы көп, бағдары бұлыңғыр, күрделі жолды жүріп өтті. Жер жүзінде Қазақстанға тілеулетік білдіргендер аз болған жоқ, бірақ жымысқы ниет танытқандар да бар еді. Өткен ғасырдағы 90-шы жылдардың басында шетелдерде «қазақтардың қолынан ештеңе келмейді» деген пікір айтылып жатты. Өйткені, демографиялық ахуал мен кеңес дәуірінен қалған саяси және экономикалық жағдай табысты мемлекет құруымызға қолбайлау болатындай көрінді.

Өмірдің өзі бұл болжамдарды жоққа шығарды. Қазақстан экономикасы қарқынды дамып жатқан, халықаралық беделі жоғары, табысты мемлекетке айналды. Бірақ, алдымызда тәжірибесі мол азаматтарға да, жастарға да ортақ орасан зор жұмыс бар.

– **Қазіргі жастар – өте талапшыл әрі талампаз. Әлеуметтік желіден олардың «Қазақстан «прайм-дәуірге», яғни, керемет кезеңге қадам басты» дегенін көргенде таңғалдым. Осыған қатысты не айтар едіңіз?**

– Жастарымыздың қуна-қуаты мол, үміті мен сенімі зор әрі азаматтық сана-сезімі өте жоғары. Олар – бар ықыласымен болашаққа ұмтылатын отаншыл азаматтар. Дәл осындай өршіл ұстанымының арқасында еліміз талай рет алдынан шығатын сын-қатерлерді еңсеріп, қиындықтарды жеңері сөзсіз.

Жастардың қуанышы орынсыз, тіпті, оғаш көрінуі мүмкін. Бірақ, олардың ой-пікірімен санасқан жөн. Жастар Отанымызға тек жақсылық тілейді. Бұл біздің қоғамымыздың жасампаздық рухын білдіреді.

Өскелең ұрпақ бүгінгі ахуалға арман-қиялмен емес, нақты көзқараспен қарауы қажет, виртуалды емес, шынайы әлемде өмір сүруі керек. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрмей, ерінбей еңбек етіп, өзін темірдей тәртіпке тәрбиелей білген жөн.

– **Қазақстанның дамуы туралы айтар болсақ,**

осы жылдан не күтесіз? Алда қандай маңызды оқиғалар болады? Мақсат-мұраттарыңыз қандай?

– Биыл көп жұмыс істеуіміз қажет екенін айтып өттім. Осы жылы ауқымды саяси өзгерістердің жаңа кезеңі басталады, экономикалық реформалар жалғасын табады.

Еліміз жаңғыру жолына біржола түсіп, қоғамымыздың болмысы мен бет-бейнесін түбегейлі өзгертуге тиіс. Азаматтарымыз жаңа дәуірге бейімделуі қажет. Бұл – оңай шаруа емес. Бірақ, халқымыз, соның ішінде жастарымыз алмайтын асу жоқ. Бұған көміл сенемін.

Мен осы жылды Цифрландыру және жасанды интелект жылы деп жарияладым. Бұл еліміз үшін тарихи мүмкіндік екенін жаңа ғана айтып өттік. Түбегейлі цифрлық өзгерістер жасап, жасанды интеллекттің енгізу экономиканың жерне басқа да көптеген саланың дамуына тиіп сепін береді. Мемлекетті басқарудан бастап, білім беру және денсаулық сақтау саласына дейін – барлық бағытта өсіп-өркендеуге жол ашады.

Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы – еліміз үшін айтұлы дата әрі осыған дейін жүріп өткен жолымызды ой елегінен өткізіп, болашаққа жоспар құратын сәт. Тәуелсіздіктің мерейлі белесін ас та төк науқан-шылдыққа айналдырмау керек, бұл Қазақстанның өсіп-өркендеуінің символы болуға тиіс.

Мен Президент ретінде «Таза Қазақстан» акциясын алдағы уақытта да ерекше назарымда ұстаймын. Бұл жұмыстың мән-маңызы өте зор. Себебі, «Таза Қазақстан» жұртты үнемшіл әрі ақпөйіл болуға, даңғазалықтан арбылау, үнемі ізденіп, елге ұмтылуға, ортақ жауапкершілікті ұмытпауға, алға жанаңшырлық танытып, қайырымдылық жасауға үндейді. Біздің бастамамызбен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Бұл қадам «Таза Қазақстан» идеясымен толық үндеседі.

Мен осы жалпыхалықтық қозғалысты айрықша маңызды идеологиялық акция деп санаймын. Өйткені, тазалық дегеніміз – мағынасы терең, мазмұны сан қырлы ұғым. Тазалық ұғымы жан дүниенің де, жер дүниенің де тоқырауын емес, гүлденуін, тіршіксіз таза болуын білдіреді. Түптеп келгенде, тазалық ұлт болмысының өзегіне айналуға тиіс.

– **Жұрт Сізді жеке тұлға ретінде де тани түскісі келеді. Сіз жеке өміріңізді көпшілікке жария етуді ұната бермейтін сияқтысыз. Өзіңізді жақсы білетін адамдар «ол жазба мәтіндерге өте мұқият қарайды және асқан табандылықпен жұмыс істейді» дейді. Жеке басыңызға қатысты осындай сұрақтар аз емес. Осының бұрын қорыта айтсақ, Сізді жан дүниесі мен мінез-құлқы қандай адам дегуге болады?**

– Мен 1975 жылы КСРО сыртқы істер министрлігін табалдырығын алғаш рет аттадым, мемлекеттік қызметке келгеніме былтыр 50 жыл болды. Алғашқы мамандығым бойынша мен – қытайтанушымын. Бұл кәсіп айрықша табандылықты қажет етеді. Шынымен де, мәтінмен жұмыс істеуге өбден дағдыланғаным, нашар стильді, әсіресе, әріп қатесін суқаным сүймейді. Жолдауларымыды, сөйлейтін сөздерімді, мақалаларымды, тіпті, әріптестеріме жолданатын хаттардың бәрін тікелей өзім қарайтын нымыд аппараттағылардың барлығы біледі.

Саналы ғұмырым темірдей тәртіпті, зор жауапкершілікті, жүйелі жұмыс істеуді талап ететін мемлекеттік қызметте өтіп келеді. Мұның бәрі менің мінез-құлқым мен дүниетанымды өз әсерін тигізді. Сондықтан, «Сіз кімісіз?» деген сипаттағы сауалыңызға қысқаша ғана «мен – мемлекетшіл адаммын» деп жауап берейін.

– **Жақында АҚШ президенті Дональд Трамп өзінің денсаулығы туралы мәліметтерді жариялады. Осы тұрғыдан алғанда, Сіз көп ашыла бермейсіз. Дегенмен, денсаулығыңыз жайлы түрлі әңгіме айтылып жатады. Кейбіреулер Сіздің салмақ тастап, серпек көріне бастағаныңызды атап өтсе, енді біреулер оған кереағар пікір білдіріп жүр. Бұл туралы не дер едіңіз?**

– Денсаулығым жақсы, қан қысымым қалыпты. Құн сайын йогамен шұғылдануды әдетке айналдырдым, бірақ медитация жасаймын. Бұрынғы көсіпқой спортшымен аптасына екі рет уотт теннисін ойнаймын. Расымен, тоғыз келі салмақ тастап, өзімді әлдеқайда жайлы сезінетін болдым.

– **ТМД елдеріңдегі әріптестеріңіздің ішінде тағы кім спортқа жақын?**

– Таюуда Бішкекте өткен бейресми іс-шара кезінде Путин жас дзюдошыға қарсы әдемі әдіс жасап, аға буынның абыройын көтеріп тастады. Әлиев те мықты, кәнігі спортшы сияқты үнемі жаттығады, Жапаров футбол ойнайды. Мирзиёев те ширақ, ол жаттығу залында шынығады. Пашинян велосипед тебеді. Лукашенко әлі күнге дейін хоккей ойнайды екен. Кезінде теңіз-әскери күштерінен болып, өбден шыныққан Рахмонның да денсаулығы жақсы. Бір сөзбен айтсам, әріптестерімнің бәрі де бабында.

– **Президент мырза, бүгін өте мазмұнды әңгіме болды. Халықты толғандыратын көптеген маңызды мәселені талқыладық. Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да алғыс айтамын.**

– Мен әрдайым қоғамның көңіл-күйі мен азаматтардың мұң-мұқтажын біліп отыруға тырысамын. Түйткілді мәселелер мен жоба-жоспарларды ашық әрі тура айтамын. Қазақстанның әлеуетін еселейтүсу үшін әлі көп жұмыс істеуіміз керек. Біз бір ел болып, халықтың мүддесін қорғау жолындағы биік максатымыздың бәріне жетеміз. Мен бұған көміл сенемін.

Газеттеріңіздің жұмысы табысты болсын! Редакция қызметкерлеріне менен дұғай сәлем айтыңыз.

– **Міндетті түрде сөлеміңізді жеткіземін!**

Әңгімелескен

Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ
«Turkistan» gazeti,
2026 жылғы 5 қаңтар

ОҚЫРМАН ПІКІРІ



ТАҒЗЫМ

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ ЕСКЕРТКІШІНЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫ ҚОЙЫЛДЫ

Семей қаласында көрнекті қазақ ғалымы, абайтанушы, жазушы, педагог Қайым Мұхамедхановтың туғанына 110 жыл толуына орай тағылымды іс-шаралар өтуде.

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tañu»

Кеше, 5 қаңтар күні көрнекті қазақ жазушысы, абайтанушы ғалым, педагог Қайым Мұхамедхановтың туғанына 110 жыл толды. Осыған орай Семей жұртшылығы ғалымның ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етті.

Жиналған қауым қазақ руханиятының дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның еңбегін еске алды. Салтанатты шара барысында сөз сөйлеген Абай облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Жанжігіт Омархан ғалымның 110 жылдық мерейтойы өңірде кең көлемде атап өтілетінін жеткізді. Айтуынша, облыс әкімі Берік Уәлиұлының ұсынысымен жыл бойы Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен ғылыми мұрасын насихаттауға бағытталған рухани-танымдық іс-шара-



лар ұйымдастырылады. Сонымен қатар мерейтой аясында республикалық деңгейде ғылыми конференция өткізу жоспарланып отыр.

Осы күні Семей қаласындағы «Жидебай–Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығында

«Абайтанудың асқан білгірі» атты мәдени-танымдық жиын өтті. Іс-шараға зиялы қауым өкілдері, ғалымның ұрпақтары, Сенат депутаты Қайрат Тастекеев, Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Жанжігіт Омархан, музей қызмет-

керлері, әдебиеттанушы ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Жиын барысында көпшілік назарына Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен ғылыми мұрасына арналған «Алдымда ақын Абай – темірқазық» атты көрме ұсынылды. Көрмеде ғалымның қолжазбалары, сирек құжаттары мен ғылыми еңбектері қойылып, оның абайтану ғылымындағы айрықша орны кеңінен таныстырылды.

Айта кетейік, Қайым Мұхамедханов — Қазақ КСР-інің алғашқы Мемлекеттік Әнұраны мәтінінің авторы, абайтану ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Ол 1940 жылы Семей қаласында Абай музейінің іргесін қалап, ұлттық руханияттың қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Қайым Мұхамедхановтың 110 жылдық мерейтойы ұлт тарихындағы тағылымды тұлғаның ғылыми мұрасын бүгінгі ұрпаққа кеңінен насихаттауға бағытталған маңызды рухани шара болмақ.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

2026 жылдың 1 қаңтары, жаңа жылдың алғашқы күні, Жарма ауданындағы Қызылағаш ауылында ерекше рухани мәні зор оқиғаман есте қалды. Аймақ басшысы Берік Уәлидің тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасары М.Раханов, облыстық мәслихат депутаты Н.Қойжығанов және Жарма ауданының әкімі Н.Борсықбаев 104 жасқа толған кейуана - Қызылағаш ауылының тумасы Бижамал Қаржаубаеваның шаңырағына арнайы барды.

ҒАСЫР ЖАСАҒАН ӘЖЕГЕ ҚҰРМЕТ

Бижамал әженің өмір жолы – тұтас бір дәуірдің айнасы. Ол қилы кезеңдерді бастан өткеріп, елмен бірге қиындықты да, қуанышты да көрді. Ұрпақ тәрбиесі, отбасы құндылығын қастерлеп, еңбекқорлық пен сабырлық секілді асыл қасиеттерді өмірлік ұстанымына айналдырған ананың ғибратты ғұмыры - бүгінгі жас буын үшін үлкен өнеге.

Кездесу барысында облыс басшылығы атынан жылы лебіздер айтылды. Қадірменді қонақтар ғасыр жасаған ананың хал-жағдайын сұрап, ел ішінде осындай ардагерлерге көрсетілетін құрмет мемлекеттің рухани бағытының айқын көрінісі екенін атап өтті.

Бижамал апаның өмірлік тәжірибесі – тек бір әулеттің емес, тұтас қоғамның рухани байлығы. Осындай тағылымды кездесулер арқылы



ұлттық тарихымыз жаңғырып, ұрпақтар арасындағы сабақтастық беки түседі. Бұл – өткенге тағзым, бүгінге жауапкершілік, келешекке аманат.

Қызылағаш ауылының тұрғындары да ақ жаулықты ананы ерекше құрметтейді, ақ батасын алуды өздеріне

мәртебе санайды. Ғасырдан асқан ғұмыр иесінің әр сөзі – өмірдің өзі, әр ақылы – халық даналығының жалғасы.

Қадірлі Бижамал анаға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, әулетінің амандығы мен береке-бірлік тілейміз.

Өз тілшіміз

ҒЫЛЫМ

ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ SCIENCE-ПРОФЕССОРЫ - ҮЗДІК 500 ҒАЛЫМНЫҢ БІРІ



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ жүзеге асыратын «Ғылыми тағылымдамалар» бағдарламасының жеңімпаздары анықталды. Аталған бағдарлама аясында Шәкәрім университетінің Science-профессоры Әділет Мұхитұлы Сүгірбай үздік 500 ғалымның қатарына енді.

Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Жолдауында белгіленген тапсырмалар негізінде жүзеге асырылуда. Бағдарламаның басты мақсаты – озық ғылыми тәжірибені меңгеру және заманауи технологияларды еліміздің ғылымына енгізу үшін қазақстандық ғалымдардың өлеңін жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуіне мүмкіндік жасау.

Шетелдік беделді жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарында өткізілетін тағылымдама ғылыми және ғылыми-техникалық кадрлардың кәсіби әлеуетін арттыруға бағытталған.

Әділет Сүгірбай жақында Ұлттық ғылым академиясының «Қазақ ғылымының үміті» беделді марапатына ие болған-ды.

Шәкәрім университетінің баспасөз қызметі

2028 жылы Ақсуат ауданының құрылғанына 100 жыл толады. Осы айтулы мерейтой қарсаңында ауданның бай тарихы мен рухани мұрасын жүйелеп, келешек ұрпаққа аманаттау мақсатында ауқымды жоба қолға алынуда. Соның бірі – «Ақсуат» энциклопедиясын шығару бастамасы.

ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХТЫҢ АЙНАСЫ

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tañu»

Осыған орай, Ақсуат ауданының әкімі Еркін Ескендіров аталмыш энциклопедияны дайындаумен айналысатын шығармашылық топ мүшелерімен кездесу өткізіп, алдағы жұмыс жоспарын бекітті. Кездесу барысында энциклопедияның мазмұндық бағыты, құрылымы, ғылыми дәйектілігі мен көркемдік безендірілуі жан-жақты талқыланды. Шығармашылық топ құрамына бұл салада мол тәжірибесі бар мамандар тартылған. Атап айтқанда, профессор, энциклопедия саласының білгірі Серікқазы Қорабай, энциклопедия маманы-редактор Серікбек Арғынғазин, баспа ісінің маманы-дизайнер Саят Ақылов, сондай-ақ ҚР Ұлттық музейінің аға ғылыми қызметкері Сырым Хасенов өзара пікір алмасып, жобаның негізгі бағыттарын пысықтады. Энциклопедияда Ақсуат ауданының тарихы, елді мекендердің қалыптасуы, өңірден шыққан белгілі тұлғалар, мәдениет пен білім, экономика мен әлеуметтік сала, табиғи ерекшеліктер мен киелі орындар қамтылуы тиіс екені айтылды. Сонымен қатар деректердің нақтылығы мен архивтік материалдарға сүйену, фотоматериалдар мен картографиялық деректерді кеңінен пайдалану мәселелері де назардан тыс қалмады. Аудан әкімі Еркін Көдірбекулы бұл еңбектің тек анықтамалық кітап қана емес, Ақсуат өңірінің шежіресі, тарихи жадының жинақталған нұсқасы болуы керектігін атап өтті.



– Энциклопедия бір ауданның ғана емес, тұтас өңірдің өткені мен бүгініне баға беретін маңызды еңбек болуы тиіс. Сондықтан бұл жұмысты жоғары деңгейде, жауапкершілікпен атқаруымыз қажет, – деді ол.

Шығармашылық топ мүшелері де өз кезегінде жобаның маңыздылығын атап өтіп, белгіленген жоспарға сәйкес жүйелі жұмыс жүргізлетінін жеткізді. Алдағы уақытта материал жинақтау, сараптау, ғылыми редакциялау және баспаға дайындау кезеңдері рет-ретімен жүзеге асырылмақ.

«Ақсуат» энциклопедиясы ауданның 100 жылдық мерейтойына орай жарық көріп, оқырман қауымыға ұсынылады деп жоспарлануда. Бұл еңбек туған жер тарихына деген құрметтің, өткенге тағзым мен болашаққа аманаттың айқын көрінісі болмақ.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

АҚСУАТ

АҚСУАТ

ЖӘРМЕҢКЕ ӨТТІ

Жаңа жыл қарсаңында аудан орталығында биылғы жылдың соңғы жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеде 2 бас сиыр өттері 2900 теңгеден, 10 бас қой өті 2700 теңгеден саудаланды.

Сонымен қатар сүт, балық, жеміс-жидектің кейбір түрлері саудаға шығарылды. Хлықтың сұранысы бойынша Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданынан жеткізілген сүт және шұжық өнімдері де сатылды.

БЕСҚАРАҒАЙ

ҚАР ТАЗАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Бесқарағай ауданында қар тазалау жұмыстары күшейтілген режимде жүргізілуде. Ауданның коммуналдық қызметтері аудан тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жолдар мен жаяу жүргіншілер аумақтарын көктаяққа қарсы материалдармен өңдеуде. Жолдарға құм себіліп, жиналған қар арнайы орындарға шығарылуда.

Қар күреу жұмыстарының уақтылы әрі сапалы атқарылуы аудан әкімдігінің тұрақты бақылауында. Қажет болған жағдайда қосымша техника мен жұмыс күші тартылып, тұрғындар тарапынан келіп түскен өтініш-тілектер жедел түрде қаралуда.

ҰРЖАР

ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Ұржар ауданының Шолпан ауылдық округінде республикалық «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында салынған өрт сөндіру бекеті пайдалануға берілді.

Бүгінде аталған елді мекенде 1200-ден астам тұрғын тұрады, 264 аула бар. Ауыл халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бой көтерген заманауи өрт сөндіру бекеті барлық талаптар мен стандарттарға сай салынған. Нысан бір өрт сөндіру көлігімен жабдықталған, мұнда екі өрт сөндіруші тұрақты негізде қызмет атқарады.

Жаңа бекет төтенше жағдайлардың алдын алуға, өрт оқиғалары кезінде жедел әрі тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді. Бұл – елді мекеннің қауіпсіздігін арттырып, тұрғындардың тыныштығы мен өміріне төнетін қауіп-қатерді азайтуға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық нысан.

Айта кетерлігі, өрт сөндіру бекеті ауыл жанына ашылған.

«ST» - ақпарат

ЕУРОПА КУБОГЫН ЖЕҢІП АЛДЫ

Алматы қаласында желтоқсан айында өткен «Strong Generation 5» қысқы ашық Еуропа кубогында Көкпекті ауданының дене шынықтыру пәні мұғалімі чемпион атанды.

20-дан астам мемлекеттің спортшылары қатысқан стритлифтинг – күштік спорт түрлерінен жарыста 60 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Алмас Мизамитов белтемірге тартылу және екі тірекке сүйеніп денені көтеру бойынша үздік нәтиже көрсетіп, Еуропа кубогын жеңіп алды.

Қазақстан құрама командасы сапында өнер көрсеткен жерлесіміз - Қазақстан Республикасының спорт шебері, көпсайыстан Қазақстан Республикасы чемпионы. Көкпекті ауданы Теректі ауылының тумасы Алмас Мизамитов қазіргі таңда Аруахдиев ауылдық округіне қарасты Преображенка ауылындағы мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді.



– Еуропа кубогында жеңіске жету - мен үшін үлкен мақтаныш. Бұл – менің әлемдік деңгейдегі жарысқа алғаш рет қатысуым. Алдағы сәуір айында өтетін Азия чемпионатына жолдама алдым. Ендігі мақсатым - Азия чемпионатында ел намысын абыроймен қорғау, сол үшін бар күшімді салатын боламын, - дейді Алмас Байжолмартұлы.

Айта кетсек, стритлифтинг — күштік спорттың бір түрі, салыстырмалы түрде жаңа спорт түрі болып табылады. Алғаш рет АҚШ-та танымал бола бастады. Спортшылар, негізінен, ашық ауада немесе арнайы жабдықталған алаңдарда жаттығады. Бұл спортта адам өзінің дене салмағын пайдаланып, түрлі жаттығуларды орындауға тиіс. Ең басты жаттығулар - белтемірге тартылу (Pull-up) және екі тірекке сүйеніп, денені жоғары көтеру арқылы жасалатын жаттығу. Стритлифтингтің ерекшелігі — жарыстарда спортшылардың күші, төзімділігі және техникасы тексеріледі. Бұл спорт түрінің негізгі мақсаты — күш-қуатты дамытып, денені мықты әрі төзімді ету. Стритлифтинг адамды физикалық және психологиялық тұрғыдан шынықтырады.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА

ХАФИЗ МАТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 95 ЖЫЛ

Қазақ халқының біртуар ұлы перзенті хакім Абай бабамыздың 125 жылдық мерейтойы 1970 жылы өтуі тиіс еді. Бірақ сол жылы болған жаппай жұтқа байланысты келер жылдың 30-31 мамырында тойланады деп шешілді.

Мен ол кезде «Қызылту» кеңсариында (қазіргі Тоқтамыс ауылы) Ж.Молдағалиев атаңдағы орта мектептің 9-классында оқимын. Бірде аудандық «Совхоз туы» газетінің редакторы болып істейтін нағашым Жағыпар Жұнісжанов үйге келді. Шай үстінде ауданға жаңа басшы сайланғанын, өте талапшыл, іскер, бұрынғы, соңғы аудандық партия комитетінің бірінші хатшыларының ішіндегі шешімшіл, батыл қимылдайтын азамат екенін айтты. Аты-жөні - Хафиз Матаев, Саржал ауылының тумасы екен.

Дайындығы басталып кеткен Абай тойының ерекше мереке болып өтетінін, республиканың түкпір-түкпірінен, шет елдерден көптеген лауазымды қонақтар, ақын-жазушылар келетінін жөне айтты нағашым.

Менен 3 класс жоғары оқыған Тұрсын Жұртбаевтың өлең, мақалалары аудандық, облыстық газеттерде жиі шығатын. Соған еліктеп, қолымызға қалам ұстап біз де арадікід жазып қоятынды шығардық. Әдебиетке деген қызығушылығымыз ояна бастады. Ал осындай сәтте ұлы ақынның тойын, оған келетін қаламгерлерді көруге ынтықпағанда қайтесің. Ебін тауып аудан орталығы Қарауылға, одан Жидебайға баруға мүмкіндік алдық. Шынымды айтпайын, сол кезге дейін дәл мұндай бүкілхалықтық ұлан-асыр мерекені көрмеген едік. Алған әсерімізді айтып жеткізу мүмкін де емес.

Қаз-қатар, кей жерінде дөңгелене тігілген ақшаңқан киіз үйлер, қызыл-ды-жасылды безендірулер, ұлттық салт-дәстүрлерді баяндайтын театрландырылған көріністер, көне жәдігерлер мен көлөнер шеберлерінің көрмесі, күсбегілер баптаған қыран бүркіт, қаршыға сияқты құстар – осының бәрін тамашалаудың өзі бір ғанибет болғаны анық.

Аламан бәйге, жорға жарыс, түйе палуан күресі тіпті әсерлі болды. Ел шулап: қатымыз бірінші келді, палуанымыз бәрін жеңді» деп масайрап жатты. Әсіресе Катонқарағай жақтан келген Б.Кітапбаевтың аттарына халық таңдай қағысып, таңырқасты. Сол тойдан кейін атақты жазушы Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ әдебиеті» газетінде «Бошайдың үш қарасы» атты кең көлемді мақаласы шыққаны есімізде мықтап қалыпты.

Аты аңызға айналаған ұлт батыры Бауыржан Момышұлына арналып тігілген киіз үйге елмен бірге кіріп, сәлем бергеніміз тіпті ұмытылмас оқиға. Жидебайдағы көк майса көгалдың үстінде алқа-қотан отырған жұрттың алдында ақындардың мүшәйрасы өтті. Өте мазмұнды өлеңдер оқылды. Әсіресе Қарақалпақстаннан келген Момын Қаноатов пен өз ағамыз Мерғали Ибраевтың жырлары әлі күнге дейін жадымызда сақтаулы.

Қарауылдың орталығында ашық аспан астында өткен салтанатты жиында қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов бастаған сөз зергерлері мәйегін тамызып, жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Осы жиынды ашып, жүргізген ауданның бірінші басшысы Хафиз Ыбырайұлы Матаевтың ұлы ақынға арнау сөзі тыңдаушыны ерекше әсерге бөлеп, дүйім жұртты тәнті еткені көпке дейін айтылып жүрді. Сөз саптауы, диқиясы, интонациясы ақ өлеңдей құйылып, жүректерге жетіп жатты. Абайға деген махаббаты, оның ғибратты ойын терең түсініп барып айтатыны көрініп тұрды. Әрине, сол сәтте мен мұны саралай алғам жоқ. Сөз қадірін білетін аға буын өкілдерінің пайымдауларынан кейін ұққаным рас.

Осы бір қайталанбас тарихи сәттерді нағашы ағам Мөлғаждар Жағыпарұлы екеуіміз екі фотоаппаратпен суретке түсіре берген едік. Содан бері 55 жыл өткен екен. Қазір сол бейнелер, көріністер бағалы жәдігерге айналып, қымбат қазына болып альбомдарымызда сақтаулы тұр. Олардың ішінде Иракли Абашидзе, Қайсын Кулиев, Момын Каноатов, Александр Чковский, Олжас Сүлейменов, Болатқан Тайжанов, Мурат Өуезов, Оралхан Бөкеев сияқты талантты жазушы, ақындардың суреттері де бар. Тірі жазушыларды сол жолы бірінші рет көруіміз еді.

Той өтті. Ғибраты қалды. «Тас түскен жеріне ауыр» деген тәмсіл бар. Көтерер жүгі салмақты мерекені бастан-аяқ жоғары деңгейде дайындап өткізу ұялғар туған елкенді ұлтжанды ұлдары мен қыздарының асқан ұйымшылдығының, берекесінің арқасында мүмкін болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Той жұтқа ұшыраған жұрттың өңсенін көтерді, рухын биіктетіп кетті. Абай бабамыз көмекке келді. Әрине, «Көп шуылдақ не табар, Билемесе бір көмелі», - деп өзі айтқандай, осы келелі істің басында жөн сілтеп ауданның бірінші басшысы Хафиз Ыбырайұлы тұрған еді.

Хафиз Ыбырайұлы «Жүрегіміңн түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла»

деген ұлы Абайдың жұмбағын шешуге халықты бір табан жақындатқан болатын. Сол арқылы жұртты ұйысты-

рып, ортақ мақсатқа, алда тұрған ұланғайыр ауқымды жұмыстарды атқаруға жұмылдыра білді. Нәтижесінде аудан барлық көрсеткіштер бойынша алға шығып, облысқа, қала берді республикаға әйгілі болды. Малшылардың, механизаторлардың еңбекақысы өсті. Тұрмыстық жағдайларын жақсартуға айрықша көңіл бөлінді. Қолмен атқарылатын ауыр жұмыстарға ғылым мен техника жаңалықтары енгізілді. Еңбектің тиімділігі мен өнімділігі артты. Өзіндік құн арзандады. Жыл сайын Төл тойы өткізіліп, қол жеткен табыстар қорытындыланды. Еңбекші бұқара мадақ пен марапатқа ие болып, көңіл-

алып беріп отырғанын жанашырлық демеі көріңіз. Өнер ұжымын шыңдау үшін Алматыдан Жанат Байдаралин, Байғали Досымжанов, Дәурен Әбіров, Зәуірбек Райбаев, Владимир Питерцев сияқты атақты өнер майталмандарын шақыртып, дайындық жасағанын жұртшылық әлі ұмытқан жоқ. Соның нәтижесінде «Қаламқас», бүкіл республиканың түкпір-түкпірін аралаумен қатар, Мәскеуге, Чехословакия, Түркия, Қытай, Венгрия сияқты шет ел сапарларына да барып, табысты өнер көрсеткенін мақтанышпен айтуға тиістіміз.

Сол жылдарда «Қазақфильм» ки-

ларды құрметтеу қасиеті еді. Жұмыс бабымен совхоздарды аралай қалса, ауыл үлкендерінің үйіне кіріп, сәлем беретін. Аудан басшысының ілтипатын көрген қариялар көңілі жадырап, риясыз ризашылықтарын білдіріп жататын. Бірде «Бірлік» совхозының бір қыстағында қой бағатын жасы тоқсаннан асып, жүзді алқымдап қалған, бұрын талай рет жүздескен Кекебай деген қарт адам дүниеден өткенін естиді. Сол сәтте көлігіне мініп, туыстық жақындығы жоқ болса да, адал еңбек етудің үлгісін көрсеткен қарапайым қарияның жерлеуіне қатысып, сапқа тұрып, жаназасында қол жая-

лы шопан, бақташылар мен диқан-механизаторлардың еңбегін бағалауда, оларға әлеуметтік, тұрмыстық жағдайлар жасауда қолға алынбай отырған келеңсіздіктерді ашып айтты. Жарты сағаттың көлемінде айтылған Хафиз Ыбырайұлының осынау сөзін көп адамдар болашаққа жасалған бағдарламаға пара-пар деп бағалап жүргенін сан естідік. Сол сөзді тағы да бір қайталап оқу артық болмас еді деп ойлаймыз. Айта білудің, мәселе көтере білудің үлгісіндей болған асыл сөз су түбінде жатпайды-ау.

Абзал аға туралы өзінің шәкірті, талантты ақын Төлеген Жанғалиев бір

ЖҮРЕГІНЕ АБАЙ СӨЗІН ҰЯЛАТҚАН

(Әссе)

күйлері түзелді.

Кешегі өткен кеңестік кезеңде кейбір облыс, аудан басшылары бюджеттен бөлінген қаражат көлеміндегі шаруаларды ғана атқарып, ізденбей-ақ, қосымша кіріс көздерін қарастырып әуре болмай-ақ ел басқара беретін. Ал Абай елінің тумасы, жүрегі Абай деп соққан Хафиз аға бұлай істеген жоқ. Үнемі ізденіс үстінде жүрді. Басшылықтағы азаматтарды, мекеме басшыларын, совхоз директорларын қамшылаумен болды. Тың жаңалық әкеліп, халыққа пайдалы істерді жүзеге асыруды талап етті. Осы мақсатпен өзі де республика астанасына жол тартты. Ел басшылығына жолығып, ұлылар туған өлкенің жай-күйін жеткізіп, оны өркендетудің тетігін іздеді. Ақыры тапты да!

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Б.Әшімовке кіріп, Абай елін дамыту жөнінде арнайы қаулы қабылдануына себепкер болды. Бұл тұста, оның бағына қарай, Б.Әшімовтің көмекшісі, Абай елінің тумасы Ораз Құтжановқа кездесісөк жолығып қалуының ойлаған мақсаттың орындалуына көп көмегі тигенін айтуға тиістіміз. Хафиз ағаның осы сапарынан кейін ауданда көптеген тың өзгерістер жасалды. Барлық ауылдарда 600-700 орындық жалпы білім беретін жаңа үлгідегі орта мектептер, клуб үйлері салынды. Семей - Қарауыл тас жолы төселді. Қарауылда су құбыры, мәдениет үйі, орталық аурухана пайдалануға берілді. Ойлап қарасаңыз, бұл айналасы үш-төрт жылда бір ауданға беріле қоятын нысандар емес еді. Сонда не? Бұл, ең алдымен, ұлы бабаның рухы. Екінші - ұшқыр ойлы Хафиз Ыбырайұлының табандылығының арқасында мүмкін болған талассыз табыс деп бағалауымыз керек. Оған дәлел - біздің облысымыздың өзінде күні бүгінге дейін тапал тамда, бір қабатты саман кірпіштен салынған ескі мектепте балаларға білім беріліп келгенін кезіміз көрген жоқ па? Ал бізде бұл мәселе жарты ғасыр бұрын шешіліп қойды.

Абай атам айтады: Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, Малың болса, сыйламай

тұра алмас ел.

Қаруыңның барында қайрат қылмай, Қаңғып өткен өмірдің бәрі де жел.

Рас қой: Хафиз ағаның Алматыға сапары бабасының талабына сай келіп тұр емес пе?! Жат жерге барды. Табыс тауып келді. Елдің игілігіне жарар іс тындырды. Халықтың сыйына бөленді. Қарулы, қайратты кезі желге айналып кеткен жоқ. Шарболаттай шамырқанды!

Жастықтың оты жалындап, Жас жүрекке жанған шақ. Талаптың аты арындап, Әр қиынға салған шақ - осылай мәнді де мазмұнды болғаны анық.

Қашанда елдік қалпы мен ерлік салтына мығым, еш уақытта жығасы жығылып көрмеген ұлылар елі ақындар мен батырларға, өнерлі өрендерге кенде болмаған.

Жиырма жылға жуық ауданның бірінші басшысы болған ағамыз халықтық өнерді дамытуды бір сәтке де назардан тыс қалдырып көрген жоқ. Елдің әл-ауқаты артып, экономикалық көрсеткіштері жақсаруы үшін рухани дүние байып, алға басуы керек екенін ол кісі терең ұқты. Сол себепті де ең алдымен өнерді дамытуға баса көңіл бөлді.

Біздің ауданда осы күнге дейін үзілмей келе жатқан бір игілікті іс бар. Ол - ауыл, мекеме күндері. «Ел іші - өнер кеңіші» дейді. Жыл сайын қыстың екі айына жуық уақыт әр ауыл, әр ұжым өз өнерлерін аудан орталығы Қарауылға келіп көрсетіп кетеді. Соңында қорытындысы шығарылып, мамыр айында гала-концерт қойылады. Дәл осындай өнер бәйгесін облыстың бірде-бір ауданынан кездестіре алмайсыз. Бұл - игі істің жасампаз жалғасы табылып, өнердің өрістегенін көрсетіп тұрған үрдіс. Оны қалыптастырып кеткен - тағы да сол Хафиз аға.

Аудан басшысы «Қаламқас» халық ансамблінің дамуына баса назар аударып, қамқорлық жасады. Өнер ұжымына қажетті музыкалық аспаптар, киім-кешек, автокөлік мәселесін шешу барысында қаражаттан қажушы жасаған жоқ. Тіпті ансамбль мүшелерінің - әнші, биші, музыканттардың жыл сайынғы соғымын совхоздар арқылы

ностудиясы «Қаламқас» ән-би ансамблі жайында деректі фильм түсірді. Оған мұрындық болған, әрине, Хафиз Ыбырайұлы болатын.

Құлақтан кіріп бойды алар Әсем ән мен тәтті күй. Кеңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең, менше сүй,-

деп Абай атамыз тәнті болған өнер саласын дамытуға аса қадірлі ағамыз айрықша мазмұн берген еді.

Мен бұл шағын эссені жазу барысында асыл ағаның экономика, шаруашылық, құрылыс сияқты ағымдағы жоспарлы жұмыстарды ұйымдастырып, жүргізудегі іскерлігіне тоқталмадым. Өйткені ол туралы аға буын өкілдері өз толғаныстарын айтар деген ой келді. Маған Хафиз Ыбырайұлымен тура он жыл бірге қызмет істеу бақыты бұйырды. Осы жылдар ішінде мен және менің қатарластарым үлкен өмір мектебінен өттік.

Бір байқағаным: Хафиз аға ақыл айтса да, сөз сөйлесе де, баяндама жасаса да - бөрінен Абай өсиетін сөзіне мәйек қып қосып отыратын. Осы күні кейбір жазушы, журналистер, зиялы қауым өкілдері «білік басындағы азаматтар Абайды оқуы керек, оның өкпелері мен қара сөздері үстелінің үстінде жатуы керек» деген пікірлер айтатынын естіп жүрміз. Өте дұрыс сөз! Ал біздің кейіпкеріміз бұл талапты өмірінің өзегіне айналдырғалы қашан!

Осындайда еске түседі. Бірде аудандық партия комитетінің кезекті пленумы өтіп жатты. Жиынның соңын ала әңгіменің ауаны басқа арнаға бұрылды. Оның себебі - сол кезде аудан басшысының үстінен Мәскеуге, партияның Орталық Комитетіне домалақ арыз жазылып, тексерулер жүргізілген еді. Кім жазғаны да мөлшермен анықталғандай болған. Осы жағдайға байланысты пленум мүшесі, жазушы Көмен Оразалин «пиғылы теріс, ниеті өзге жандар ұлылар елінде жұрмеуі керек» дегенге саятын пікірін айтқан. Жиынды қорытындылай келіп бірінші хатшы: «Жазушы ағамыз дұрыс айтты. Менің қосарым:

Құйрығы шаян, беті адам, Байқамай сенбе құрбыға. Жылмаңа сыртта, іші арам, Кез болар қайда сорлыға,-

дегенді, біле білсек, Абай атам осындай жандарға қаратып айтқан», - деп сөзін аяқтаған еді.

Дөп түсті. Жұрт үнісіп. Бәрі де ұғып отыр. Сөз сүйкетен өтіп кетті.

Абайдың осы өлеңін бұрын оқымаған екем. Сол күннен бастап жадымда жатталып қалды.

Хафиз аға ұлы ақынды толық ұғу үшін 40-тан кейін қайта оқу керек дегенді жиі айтатын. Ол сөзі рас екенін көз жетті. Ол кісі қызметте жүрген азаматтарға жылына 10 өлең жаттау керектігін айтып, міндет етіп қоятын. Ал мектеп мұғалімдеріне балаларды Абай өлеңімен сусындатып тәрбиелеуді тапсыратын. Әрине, көрнекті жазушы, жерлесіміз, бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған Көмен мұғалім де әрбір оқушы мектеп бітіргенде Абайдың 100 өлеңін жатқа білуі керек деп, осы бастаманы өзі жүзеге асырғанын ел біледі. Ал аудан басшысы осы дәстүрді жалғастыру үшін сабақтастықты одан әрі жалғады деуіміз керек. Ғибратты сөздер мен тағылымды ойларды көкірегіне құйып өскен жас ұрпақтың келешегі жарқын боларына кемел басшы көміл сенген болатын.

Ол кісінің тағы бір басқадан бөлек артықшылығы үлкенді сыйлау, қария-



Хафиз Матаевтың балалары Бейбіт, Ахмет, Майгүл, Айгүл 2003 жыл

ды. Кеңестік жүйенің қатаң тәртібі үстемдік етіп тұрған шақтағы бірінші хатшының бұл әрекетіне оны көрген басшы, қосшының бәрі таңырқасқаны анық еді. Тіпті, біреу жоғарғы жаққа жеткізе қойса, лауазымды қызметі мен партияға мүшелігіне де қатыр төнетіні қадір болатын. Сол жолы қарияның саптама етігі мен тымағын қалап алыпты. Демалыс күндері атқа мініп серуендегенде сол киімдерді киіп алатын.

Хафиз аға аудандық партия комитетінің жұмысына жаңашылдықтар енгізуге де көп көңіл бөлетін. Ашық есік күні, Ашық хат күні, Көшпелі пленум сияқты халықпен байланыстың тың түрлері қолданылып, нәтижесін бергенінің куәсі болдық. Жалпы мәдени тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеологиялық жұмыстардың жоғары көрсеткіштерінің арқасында республикаға танымдық. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы ауданның іс-тәжірибесін бүкіл елге үлгі ретінде таратты.

Аудан 9 рет Одақтың, 8 рет республиканың ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды.

«Туған ай туралған өтпен бірдей» деген. Жылжып жылдар, күліп күндер өте шығады. Уақыт шіркін тым жылдам-ақ. 60 жасқа толған соң ағамыз еңбек демалысына шығып, зейнеткерлікке өтті. Бірақ үйде жата алмады. Байлауда тұрған арғымақтай тыпыршыды. Бүкіл болмысымен Абайға берілген адам алғашқы болып республикалық «Абай қорын» құрып, ұлы ақынды насихаттау, әспеттеу бағытындағы жұмыстарды бастап кетті. Ал Абайдың 150 жылдық мерекесі қарсаңында сол кездегі Семей облысының әкімі болған Ғалымжан Жақияновтың осы мәселе жөніндегі кеңесшісі ретінде толыққанды қызмет атқарды. Мерекенің сценарийінен бастап бүкіл ұйымдастыру жұмыстарында ақыл-көңесін аямай, жөн сілтеді. Соның арқасында Абай тойы ғасыр тойы деген атпен тарихта қалды.

Абайға деген ынтызарлықтың белгісі ғой, кезінде аудан әкімі болған Қонысбай Төлеубеков бастамашы болып ұйымдастырған, 1998 жылдап бастап Жидебайда өтіп келе жатқан «Абай оқуларының» қазылар алқасы төрағасы болып, жас жеткіншектердің ұлылардың өсиетін бойларына қаншалықты сіңіргенін сараптап, бағасын беріп жүрді.

Хафиз ағаның сан жылғы жанкешті еңбегі еленбей қалған жоқ. Кеңестік кезеңде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің әкі мәрте депутаты болды. Бірнеше орден, медальдармен марапатталды. Тәуелсіз еліміздің де құрметін аз көрген жоқ. Кеудесіне тағылған орден, медальдар еткен еңбектің, төккен тердің өтеуіндей болды.

Қадірлі ағамыздың Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып жүрген кезінде Парламент мінберінен сөйлеген отты да өткір сөзін аға буын өкілдері әлі ұмытқан жоқ деп білемін. Қазақ, орыс тілінде ел дамуының өзекті мәселелерін ешкімнен қаймықпай, батыл айтқан халық қалаулысының келелі пікірлерін бүкіл ел сүйсіне тыңдап, шынайы қабылдады. Министрсің бе, жоғары лауазымды басшысың ба, оған қарамады, ақсап тұрған жұмысты сын садағанын алып, түзеудің жолдарын да мезгеді. Әсіресе ауылды дамыту, қырда жыл бойы табиғаттың қатал сынына шыдап жүрген қажыр-

томдық кітап жазды, өлеңдерін арнады. Басқа да ақын інілері ол кісі жөнінде жырлар жазды. Мұның бәрі, біле білсек, халықтың құрметі, елдің ыстық ықыласы. Ал халықтың қадірлісі ата-нудан асқан бақыт та, марапат та жоқ.

Асыл аға аяулы жары, өмірлік серігі Камал Нұрғазықызы екеуі жапырағын кеңінен жайып, тамырын тереңге тартқан мәуелі бәйтеректей болып ұрпақ өсірді. 50 жыл мұғалімдік қызмет атқарған Камал апаймен бірге екі ұл, екі қыз, он немере, жиырма шөбере сүйді. Оларға саналы тәрбие берді.

Тұңғыштары Бейбіт кезінде комсомол, партия ұйымдарында қызмет атқарды. Қазір зейнеткер. Ахмет - мемлекеттік қауіпсіздік саласында басшылық қызметте болған полковник. Майгүл - заң ғылымдарының докторы, профессор. Семейдегі Әлихан Бөкейхан университетінде проректор. Райгүл өке, шеше жолын қуып мұғалім болды.

Үлкен немерелері Алмаз - IT-маманы. Бірнеше жыл шет елде қызмет істеп келді. Олжас пен Қаныш шет елде құқық қорғау саласында қызмет етуде. Басқа немерелері де кәсіпмен шұғылданады. Биыл 4 шөбересі жоғары оқу орнына түсті. Тұңғыш шөбересі Дәриға Ахметова магистратурада оқып жүр.

Жүрегіне Абай сөзі ұялаған, саналы ғұмырының қанша жылын ұлы ақынның кір жуып, кіндік кескен қасиетті топырағының гүлденіп, дамуына арнаған аяулы абыз ағамыз 90 жастың табалдырығын аттай бергенде, 2020 жылдың аяғында, дүниеден өте барды. Асыл жүрек соғуын тоқтатты. Басымыздан тұтас бір дәуір көшкендей болды. Бұл хабарды естігенде Абай елінің халқы қабырғасы қайысып, жүрегі сыздап, бауыры езілгендей күрең қабақ күй кешкені анық.

Дегенмен «сабыр» деген де сөз бар. Абай бабамыз:

Арттағыға сөзің мен ісің қалса, Өлсең де, өлмегенмен боласың

тең, деді ғой. Онда біздікі - бекершілік. Сүйер ұлын болса, сен сүй, Сүйнерге жарып ол,-

деп ұлы бабаның өзі айтқан. Сіз сол өлшемге сыйып тұрсыз, Хафиз аға.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың, елден бөлек, -

деген Абайдың толық адамы да Сіздей-ақ болар!

Сөз соңында аяулы аға, бүкіл саналы ғұмырын елім, жерім деп еңбек етуге арнаған парасатты азамат, қаншама ізбасар дайындаған ұстаз есімінде маңғы есте қалыуы үшін, 95 жылдығына орай Қарауылдан көше беру, ескерткіш-бюстің орнату, әлеуметтік ғимаратқа атын беру, сондай-ақ Семей қаласының бір көшесін Хафиз Матаевтың атымен атау сияқты шаралар мүмкіндігінше жүзеге асырылса деген көпшіліктің пікір-тілектеріне біз де толық қосылатынымызды айтқым келеді.

Ұстазымыз мәңгі жүрегімізден өшпейді!

Төлеубек АМАҢҒАЗЫҰЛЫ,
Қазақстан Республикасының
Құрметті депутаты,
әлеуметтік-еңбек
саласының үздігі,
Абай ауданының
Құрметті азаматы,
«Құрмет» орденінің иегері



– Ләйлі, ау Ләйлім менің!
– Тоқта! Бұл жерде менің атымды атаушы болма жаным...
– Неге?!
– Білесің ба, бұл көлде Қыз–Ләйлі бар...
– Ол кім?!
– А... білмейтін ба едің? ол менің Марал әпкемнің құрбысы...
– Ол қайда?
– Осы көлде?
– Қалай?
– Жәрайды онда саған басынан бастап айтып берейін...
– Бұл жерге неге ертіп келдің?
– Алдымен тыңдасаңшы сосын түсінесің...
Аяғына конки байлаған қыз сыр етіп жігітті жанап өте шықты да айнайды жалтыраған мұздың арғы бетіне заулай жөнелді... көл жиегіне жете боран үрлеп жондап тастаған қасат қардың үстіне барып жантайып отыра кетті. Артынан на-рау басып жігітке келді.
– Айтсаңшы енді...
– Алдымен жайланып отыр...
– Осылай тұрып-ақ тыңдай беремін...
– Болмайды...
– Неге?
– Құрметсіздік болады.
– Кімге?
– Ләйлі–Қызға...
– Лә-әйл-л-і-і–Қы-ыз!
Жігіт бар даусымен айқай салды...
– Тоқта! – баж ете қалған қыз орнынан атып тұрып жігіттің аузын алақанымен баса қалды. – Тоқта!... Қыз–Ләйлінің атын қатты айқайлап ай-туға болмайды жаным...
Қыздың әлсіз саусақтарын аузынан жеп-же-ңіл босатып алған жігіт... сәл абдырап – Ләйлі жа-ным... не болып жатыр... түкке түсіне алмадым...
– Отыршы... айтамын... түсінесің...
Ол кезде мен тым кішкене болатынмын... Бірақ есімді білетінмін... Бәрі күні бүгінге дейін көз алдымда...

Біздің көшенің балалары бірге ауылдың ше-тінде ойнап жүргенбіз... Қолына шелек алып біз-ге қарай Қыз–Ләйлі келе жатыр екен. Ол ылғи да ауылдың қасындағы өзеннің суымен басын жуатын... Неге екенін қайдам ауылдық адамдар-ының барлығы оны Қыз–Ләйлі десетін... Аты Ләйлі... Менің Марал әпкемнің құрбысы-тын. Біздің қасымыздан өтіп бара жатып:

– Қандай жақсы балалар... Төбелеспей ой-найтын... Үстілеріңді былғап алмай абайлап ой-нандар... Ол қолындағы шелегің теңселтіп кетіп барып жатты... Шіркің, ол кезде Қыз–Ләйлі қандай еді... Тоқтаптай қос бұрымының үші жерге сәл-пәл тиер-тимес болып, әппақ балтырын соғып кетіп бара жатты.
Қыз–Ләйлі алыстай бере біз қайта үй-үй ой-науға кірістік... Сүт пісірім болмай өзен жақтан қатты бажылдаған дыбыс шықты... Бәріміз со-лай қарастық, бізге қарай, жоқ, дұрысы ауыл-ға қарай Қыз–Ләйлі жан ұшырып жүгіріп келеді екен. Біз не істерімізді білмей үдереіп қалдық. Ол бізге жете:

– Тез, тез бұл жерден кетіңдер... Алысқа ке-тіңдер! Боң! Тез!.. Қатты қорықтық, ақша жүзі то-тығып, бет әлпеті қара жалын болып кеттіңі... Біз шырқырай-шулап үйді-үйлерімізге қарай қаша жөнелдік... Содан үш күнге дейін Қыз–Ләйліні көрмедім. Тек алапның Маралға:

– Бейшара қыз қатты шошыныпты... Сандырақтап қайдағыны айтып жатыр... Бүгін тағы барып келдім... Ауылдан көшіндер... Бұл ауылды су басады... Адамдар қырылады... Тез кетіңдер... Жиналыңдар... деп аласұрып жа-тыр... Көзіне бірдеңе елестеген бе... Бүгін те-менгі ауылдағы бақсы шал келеді дейді... Сол ұшықтаса бірдеме болып қалар деп үміттеніп отыр. Жалғыз қыздарының жан қиналысы әкеш-шешелеріне де қиын болды... Одан әрі не айт-қандарын білмедім... Үлкен адамдардың сөзін тандауға болмайды, бар сыртқа ойна деп шы-ғарып жеберді. Қыз–Ләйліні өз әпкем Маралдан кем жақсы көрмейтін едім... Не болады екен деп қатты уайымдадым... Бақсы шал деген кісінде көргенмін – менің атам ауырып жатқанда кел-ген... Атамды қаладағы ауруханадан алып кел-ген соң, сол бақсы шалды шақырған... Иә сақалы кеудесіне түскен, қолында үлкен таяғы бар кісі... Атамның қасында көп отырған... Сол көз көз ал-дыма келгенде қатты қорқып кеттім... Қыз–Ләйлі де атам құсап өліп қалса қайтемін... Бақсы шал-ды неге шақырды екен деп ойладым... Содан бері бақсы шалды же көретінмін... Бірде ауыл-дан өтіп бара жатқанда көршінің балалары бар, барлығымыз тас лақтырып, атын үркітіп жібер-генбіз... Сонда әкем маған қатты ұрысқан еді... Мен жылап, бақсы шалды же көремін, ол менің атамды өлтіріп тастаған деп айқайлаған едім, сонда әкем:

– Әй першіте сәби-ай! Ол атаңды өлтірген жоқ... Атаңа өлерінің алдында аузына иман сал-ған... Ана жақтағы, атаң қидырып кеткен дүние-де жақсы жүру үшін сол жаққа барарда иман айту керек. Соны атаңа үйреткен жақсы адам де-ген еді... Мейлі, не десе де бәрі бір, бақсы шал адамдарды ана жаққа жіберетін адам құсап сезі-летін... Атам құсап Қыз–Ләйлі өліп қалса қайтемін деп қорқып жылап отырып есік алдындағы арба-ның үстінде ұықтап қалыппын. Қатты шуылдан шошып ояндым. Орнымнан атып тұрып ауланың сыртына қарай жүгірдім, анадайда шашы дуды-рап Қыз–Ләйлі жүгіріп жүр екен. Артынан қалың адам қуып жете алмай жүр... Бұл ауылды қанды қасірет күтіп тұр... Тез кетіңдер... Көшіндер бұл жерден... Маған Су иесі өзі айтты... Ақыры Қыз-Ләйліні Нағашы ағасы қуып жетіп ұстап алды.
– Ағатайым-ай, жіберші... Ертең босқа қыры-лып қаласыңдар ғой... Маған сеніңіздерші... Тез-тез бұл жерден кетіңіздерші...
– Алла-ай құлыным-ай... Не жазған едің... Есіңді жишы қарғам... Не болды...
Қалың адам топырылап Қыз–Ләйліні үйіне қа-рай алып кетті.

Қалбалақтап арттарынан біраз жерге дейін жүгіріп барып қалып қойдым.

Содан, Қыз–Ләйлі араға бірер апта салып ба-рып сыртқа бірақ шықты... Бірақ, баяғы қалпы емес... Көңілі әлде неге алаң, кезіккен адамдар-дың барлығына:

– Бұл жерден кетіңдер... Маған су иесінің өзі ескертті... Түптің түбінде бұл жерді ауылдың бас жақтарында көл жауып қалады, адамдар қыры-лып, қан сасиды... Бұл жерден мен ата мен ана-ның күніренген даусымен, жас сәбилердің зарлы шырылын естідім. Тез кетіңдер... – деп жар са-лып жүрді де қойды... Неге екенін қайдам, оның сөзін ешкім елегенде жоқ... Өрдайым осы көлдің жағасына келіп шатын жайып тастап:

– Менің ел-жұртымды, менің жақындарымды қырғынға ұшырата көрмеші... Солардың орнына менің жанымды алшы... деп таңнан-таңға зарла-нып отыра беретін. Ауыл адамдары қанша рет үйіне қайтып әкелгенімен, әйтеуір, бір өбін тауып көп бойына қашып кететін... Сөйтіп жүріп бір күні жоғалып кетті... Осы көлдің жағасында отыр-ғанын біреулер көріпті... Суға батып кетті, деп көп уақыт іздегенімен мәйітін таба алмай қой-ды... Біреулер, су түбіндегі қайранға шөгіп кет-

ті десе, енді біреулер, жындар ма, әлде басқа ма, әлде бір тылсым күш алып кетті десетін... Сүйекті таба алмаған соң, бақсы шалды осында алып келген екен, ол кісі оның тәні де, жаны да осы судың түбінде жатыр... Қауымға келген бір кесепатты тоқтаып қалған екен... Содан, оның сүйегі табылмапты... Енді бұл көлдің бойына ке-ліп оның атын атап шақыруға болмайды... Өзінің атын естігенде Қыз–Ләйлінің назары дауысқа ауып кетіп, тас қылып құшақтап жібермей тұрған кесепаттан айырылып қалады... депті. Содан бастап бұл көлде Қыз–Ләйлінің атын шақыру-ға тыйым салынған. Мейлі шын болсын, өтірік болсын сол орасан зор кесепаттан халықты сақ-тап тұрған Қыз–Ләйліге адамдар тәу ететін-ді. Әсіресе, біздің ауылдың қыздары өздерінің сүй-ген жандарымен мәңгі бірге болу үшін осында келіп тілек тілейтін болған.

– Қойшы Ләйлі... Қайдағыны айтпай... Сенде осындай шатпаққа сенесің бе? Көзің ашық оқы-ған адамсың... Ұят емес пе... Қайдағы бір жоқ нәрселерге сеніп...

Қойшыбек МҮБАРАК



Қыз–ләйлі

(Әңгіме)

– Жоқ! Сен қателеспе! Бұл біздің ауылдың, менің аулымның заңы... Бұл біздің жастардың... Менің құрбыларымның адал махаббатына мәң-гілік берік болуының айғағы үшін шын жүрегіміз-бен ант беретін киелі орнымыз... Өзің анықтап қарашы, көл бойындағы ағаштардың барлы-ғына ақтық байланған... Мына мен де байла-дым. Өркез, келген сайын ақтық байлаймыз... Келгендердің барлығы солай істейді... Не, со-лардың барлығы ақамақ па?! Соншама адам-ның ішінде сен ғана көкірегің ояу данасың ба?! Кешір жаным... Егер сен бұл қағиданы бұзсаң бізді Қыз–Ләйлінің киесі атады... Біз болашақта да бір-бірімізбен отаса алмаймыз... Онда осы бастан-ақ ойлануымызға тура келеді...

Қыз өңіреп жылап жіберді... Жігіттің өңі сұр-ланып кеткен... Түтігіп, аузына сөз түсер емес...

– Сен... Сен Ләйлі қыз, осыншама ақымақ бо-ларма ең... Сенің мұндай екенінді кім білген... Шыныменде, біз бір-бірімізді әлі күнге толық біл-мейді екенбіз... Құдай-ау, мына заманда осын-дай ертегілерге де сенетін адамдар бар екен-ау ә? Өздері тағы өтірік ертегілерінен өлердей қор-қады екен... Бұл дегенің сұмдық қой... Мен қаз-ір сендердың осы өтірік ертегілеріңді жалған екендігің тас-талқанын шығарып тұрып дәлел-деп беремін...

Екі білегінен тас қылып ұстап тұрған қыз-ды кері серпе итеріп тастады да, маңағы өзде-рі сырғанап ойнаған көл ортасындағы жалтыр алаңқайға қарай айқайлай сырғанап, жүйіткі жө-нелді.

– Қы-ы-ыз–Лә-ә-әй-л-лі!... Қы-ы-ыз–Лә-ә-әй-л-лі!... Қы-ы-ыз–Лә-ә-әй-л-лі!...

Артынан шырқырай жанұшырып жүгірген қыз, құтырына айқайға басып жүрген жігітке жете ал-май қалды.

Кенет шарт ете түскен ауыр үн құлақты тұн-дыра ұзаққа созылып барып, артынан қалың мұздың гүтір–гүтір айырылып шатынаған сұмдық даусы шықты...

– Кешірші бізді Қыз–Ләйлі кешірші... Ашулана көрмеші... Бізге төніп тұрған кесепатты жібере көрмеші...

Жігітке жете алмаған қыз шатынай айыры-лып кеткен үлкен бір кесек мұздың үстінде маң-дайын ызғарлы мұзға төсеп, шырқырай жылап жалбарынап отыр... Алғашқы шарт ете түскен дыбыстан-ақ есін жинап алған жігіт, шыбын-шір-кей жағаға қарай зымырап қашқан-ды... Ізін қуа айырылып бара жатқан мұздың жарығы, мұз бе-тін аяусыз тілгілеп сырғып бара жатқан конкиге жетер-жетпес, жетер-жетпес қана қалып қуып барады. Ақыры жанұшыра қашқан жігіт жағаға да аман-сау ілінді... Ілінді де, мұз үстінде қалған қызға көз қырын салуға да мүрсат таппай жол жиегіне тоқтап тұрған автокөлігіне жармасты...

“Қыз–Ләйлі” деген дабысты алғаш естігенде мұз астында әлде бір жойқын алапат, дүлей күш-ті тас қылып құшақтап он бес жыл бойы жібер-мей жатқан Қыз–Ләйлінің мұз болып қалған дене-сі дүр сілкінді... Көк сірне мұзды қас жапыр өзін шақырған адамға атылып барып, өзінің қанша-ма уақыттан бері осы кесепатпен алысып жатқа-нын айтып шағынғысы келді... Бірақ, құрсауынан шықты болды кесепаттың көлдің төменгі жақта ауыл жатқан кемерін талқандап, осыншама шал-қар суды ауылға қарай төңкере салатынын ой-лап өзін әзер ұстап қалды. Сүттісірім өтпей-ақ, “Қы-ы-ыз–Лә-ә-әй-л-лі!” деген дыбыс, тіпті, құ-лақ түбеген естіліп делебесін қоздырып жібер-ді... Соншама уақыттан бері тас болып қарысып қатып қалған саусақтары еріксіз жыбарлай бас-тады... Ол енді көзін көл бетіне жіберді... Көлді жағалай қалың адам көмекке келіп тұр екен... Қаптаған қалың адам бұрын өзі білетін нұ орман-нан бір бұтақта көрінбейді... Самсаған қалың қол... Ол енді адамдардың кеш болса да өзіне сеніп көл бойына кесепатты жою үшін келгенін ойлап жүрегі жарыла қуанып кетті... Қуаныштан күліп құшағындағы кесепатты тастай сала мұз бетін қақ айырып атылып сыртқа бірақ шықты.

Көл бетіне бар пәрменімен атылып шықты да, маңағы өзінің көзіне көрінген қалың нөпірдің адам емес солардың байлаған ақтығы екенді-гін көріп баж ете қалып, мұз құрсауында қалған кесепатты ұстап қалмаққа мұз жарығынан қай-та сүңгіді. Ол енді өзінің көшіккенін ұқты... Мұз құрсауындағы кесепат құшағынан шыға салап, көлдің ауыл жақ кемеріне жайылып, тоң болып қалған көршіті қопарыстыра бастапты... Жан та-ласып қанша арпалысқанымен оның қолынан ешнәрсе келер емес... Ол енді ауылға қарай заулады... Ауылдың ең бергі шетіндегі үйге ес-гін ашпай ақ лып етіп кіріп кетті... Үйде баяғыда-ғы өзінің жан құрбысы Марал отыр... Жанында төрт-бес бала ойнап жүр...

– Марал... Жаным... Тез... Қашыңдар... деп шырқырай барып бас салып еді Марал ештеңе сезбеген тәрізді. Өзі Маралдың денесіне етіп ба-рып арт жағында жиюлы тұрған көрпенің ара-сына жалп етіп етпеттей құлады... Қайта атып тұрып маңағы сөзін қайталап Маралды айнала шыр-пыр болды... Марал да басқаларыда мұны естімеді. Тек пеш түбінде жатқан тарғыл мысық пыс етіп жотасын күжірейте бұған айбар шекті... Мысықтың оқыс қимылына таң қалған Маралдың күйеуі:

– Тәйт ары, мынаған не көрінген, деп қолына ілінген әлде нені мысыққа қарай жіберіп қалды. Иесінен сексенген мысық енді пыр етіп мұртын едірейтті де, жинаулы тұрған жүктің үстіне секі-ріп шығып мияулай бастады... Қыз–Ләйлі әлі үй-дің ішін айналып зарлап жылап жүр.

– Еркін, жүрегім бір түрлі болып тұр... Бірдеме болады-ау деймін... Сыртқа шықшы...

Марал орнынан қозғалуға дәрмені қалмай, алақтай бастады... Орнынан тұрған күйеуі сырт-қа шықты да, лезде қайта кіріп:

– Ой, Алла, әлгі біздің Ләйлі көл жақта шыр-қырап жылап жүгіріп келеді... Киімімді алуға кел-дім... Не көрінді екен бұл қызға... – деп сөйлей жүріп қабырғаға ілінулі тұрған қалың шапанын алып сыртқа ата жөнелді...
Маралдың дәрмені құрып қасындағы кенже-сін бауырына баса, бір жағына қарай жантая құ-лап бара жатты. Маралдың күйеуінің артынан ере шыққан Қыз–Ләйлі, мана өзі мұз үстінен көзі шалып қалған қыздың Маралдың өзі аттас сіңілі-сі екенін енді білді. Ол да шырқырап жылап келе-ді екен... Алдынан қарсы жүгірген жездесі таяп қалғанда:

– Ағатайым-ай... Көлдің ауыл жағы жарылып кетті... Тез қашыңдар, өпкем қайда... Тез-тез қашыңдар – деп жездесіне жете талықсып құлап кетті... Беймезгіл айқайға ауылдың адамдары да құлақ түрісіп, біразы бұларға қарай жүгірісті...
– Тез-тез ауылға хабарландар... Жандарын аман алып қалсын, мына тауға қарай, биікке қа-рай қашсын... Осы сөз ауыздан-ауызға айтылып, құлақтан-құлаққа лезде жетті... Ауыл өре түре-гелісті... Бірі бала шағасын, бірі керекті жарағын алысып ауылға тиіп тұрған тауға қарай қалың қарды кешіп, тырмыса жанталасып шығып бара жатты... Ұлар-шу болған қалың нөпірдің ішінде жүрген Қыз–Ләйлі енді тым құрғанда адамдар аман қалатын болды деп байыздап отыра бер-гені сол еді... Маңағы өзінің құшағынан босанған кесепат енді адамдардың арасына адам бейне-сімен келіп араласып кеттіті...

– Тоқтаңдар түге... Бұл не жанталас... Міне біз жаңа ғана көл бойынан келе жатырмыз... Ешқандай бір қауіп-қатерді көрмедік... Мына қа-қаған қыста, қатты аязда жалаңаш жалпылы өз үйлерінді тастап қайда кетіп барасыңдар...
Енді, ауылдан шұбыра қашқан адамдар әрі-сәрі болып, дағдарысып қалды... Айнала топта-нып кідіріп қалған адамдарға Қыз–Ләйлі шыр-пыр болып қанша жалбарынғанымен мұны ешкім де ести алмады... Тек, осы ауылдың көдімгі ада-мдарының бейнесіне кіріп алған кесепат қана олармен нақпа-нақ сөйлесіп тұр. Не істерін, кім-ге сенерін білмей дағдарып тұрған жұрттың іші-не енді маңағы кіші Ләйла келді...
– Аллай, жандарым-ай неге тұсыңдар, тез кетсеңдерші... Енді әні-міні мына жерді су басып қалады...

– Не мына қыз жынданған ба? Қайдағы су, айттым ғой мен сол көл бойынан келемін...
Кесепат та өзеуреп қойар емес...
– Ағакем-ай, мен жалған айтып нем бар... Мына адамдарды ажалға айдамасаңшы... Тез кетсеңдерші...
– Қайтыңдар...
– Тез қашыңдар...
Ұйлығысып қалған қауым енді екіге бөлінді... Жартысы ауылға қайта қайтты да, жартысы сол алған беттерінен қайтпай тауға қарай тырмысып кетіп бара жатты. Өзінің тәнсіз құр елес бейне ғана екенін енді сезінген Қыз–Ләйлі қалың нөпір-дің жартысының кіші Ләйліні, өздерінің ортасын-дағы көдіүлгі тірі адамды тыңдамай сол ауыл адамдарының бейнесіне еніп алған кесепаттың сөзіне еріп ауылға қарай қайта қайтқанын көр-генде күйіп кетті. Еш қайран қыла алмағанына ашынды... Өзінің адамдар санатында жоқ екенін сезіп өртенді...

– Әй адамдар-ай! Осыншама бейғам... Осыншама марғау, парықсыз боларсыңдар ма... деп бар дауысымен айқайлады... Бұларға еш қайран жасай алмайтынын сезген соң, енді ол көлге қарай жанұшыртты. көлдің кемерін үн-гіп лықсыған сенді, ауыл мен көлді бөліп тұрған бөгетке арып таласа ұрғалып жатқан кесепатпен жанталаса тоқтатып қалмаққа арып-таласты. Қанша алысқанын өзіде білмеді. Әйтеуір түн ор-тасы ауа өзінің талығын әлсірей бастағанын сез-ді... Бойында еш дәрмен қалмай, шатырлап сын-ған қалың мұздың арасына батып бара жатты. Бір кезде тарс еткен жойқын дауыс шығып бүткіл алапты дүр сілкіндіріп жиегіне шіреп өзер тұрған көл ауылға қарай аунай жөнелді.

Таудай-таудай толқындар кең аңғарлы сай-ды бойлап ауылға қарап атылып бара жатты... Алып кесек мұздармен берге алдынан кезіккен барлығын жайлап бара жатқан алапат су, іле-зімде ауылға жетіп барды. Түңгі ай жарығына шағылыса жер әлемді теңселтіп жөңкіліп келе жатқан тасқынды көріп тауға шығып кеткендер шу ете қалды. Артық бір қадам басуғада мүрсат бермей үстірінен басып қалған топан суда қал-ған ауылдағылар азан-қазан болып шырылдап, құлында-құлын дауыстары шығып, құлақты тұн-дыратын ащы зармен булықты...

Түн... Жартылай туған орақ айдың буалдыр сәулесі ауылды басып қалған алып тасқынға те-

теп бере алмай айналаны тастай қара түнекке айналдырып жіберген.

Жөңкіле жұлқынып ауылға қарай атылған тасқынның алғашқы толқындарымен бірге ауыл-ға ағып жеткен Қыз–Ләйлі шар ете қалған бала-ның ащы даусынан есін жиып алды. Тасқынның жойқын күші алғашқы кезіккен үйді үстін жаба қабырғадан келіп соққанда астындағы ірге та-сымен бірге қопарып, домалатып барады екен. Алғашқы соққыдан-ақ опырыла құлаған қабырға ерлі-зайыптыларды жатқан жерінде-ақ тіл тарт-қызбай жаншып кете барғанда, бесікте бөлеулі жатқан бала ойдақ-сойдағы шығып домаланған үймен бірге шырқырап кетіп барады. Анасының жұпарлы аппақ сүтінен басқа ешнәрсені таңда-йына жағып көрмеген сәби, тұншықтыра көме-йіне жүгірген лай суға шашала шырқырайды... Қыз–Ләйлі бейкүнә сәбиді алапат судан алып қалмаққа қарманып қанша арып таласқанымен ешнәрсе істей алмады... Енді байқады, бүкіл ауыл көлдің астында қалған екен. Көл жөңкіле тулап ауылды көшіріп барады...

– Көке!..
– Көке!..
– Ата!..
– Ана!..
– ...
– Құлыным!..
– ...
– Жаным!..
– ...
– Қарашығым!..
– ...
– Тәңірім!..
– ...

Жандауыстары шығып шырқыраған адам-дардың анасына бір, мынасына бір жүгіріп Қыз-Ләйлі жүр...

– Ата-ай... Ата!.. Қайдасың ата?!
– Құлыным-ай құлыным... Мен міне, қазір са-ған жетем...

Су астында қалған үйдің құлаған бір қабыр-ғасы бөлінен төмен басып қалып, қансырап жат-қан шал көрші бөлмедегі шырқыраған немере-сіне жете алмай аһ ұрып жатыр... Үйдің үстінен гүтір-гүтір сынған мұз бен жөңкілген тасқынның гүрліл бір-біріне дауыстарын өзер естіртеді.

– Ей жаратқан тәңірім не жаздық... Бұл кеса-паттан басқа жанымды алатын амал таппадың ба... Күдіреті күшті Құдайым... Құлындарымның жан шырылын естірпей өзімді ғана неге алма-дың... Тәңірім...

– Ата... а... кенет шықыраған бала үні гүрс ете түскен қабырғамен бірге шорт үзілді. Манадан бері немересіне жетпек болып жанталасып, үс-тін басып қалған қабырға кесектерін аршып жат-қан шал ауыр ыңыранып, сұлық жатып қалды...
– Бітті... Бәрі бітті... Енді мені де тез әкет... Мынау қайран дүниеден... Енді бұл жалғанның не қызығы қалды...

Есік терезені жарып кірген су, енді бөлме-лердің ішін толтыра бастады... Су астында тұн-шығып жатқан шалдың жаны шықпай қойды... Қолқасын бітей ішке кеткен лай су кеудесін керіп жарып жіберердей болса да, жан шығар емес...
– Тез-тез әкет мені... Құлыншағымның қасына тез жетейін...

Су астындағы әр үйден шыңғыра шырқыраған ащы үндер толастар емес... Қыз–Ләйлі енді ар-лы-бері алып ұшып барлық адамдарың қасына барып шықты... Бірақ, ешкімге де қол ұшын бере алмады... Анау жерде алғашқы толқын ұрғанда-ақ үйді қопарып ішіндегілердің барлығын қора-ға әкеліп тығып тастаған нән бір кесек мұз ашық тұрған есікті жауып қалып ішіне онша су кіре қой-маған... Алғашқы соққыда-ақ жәнтәсілім бол-ған шешесінің ашық омырауына жабысып, тас-тай суық судан қол аяғы тоңазып қата бастаған жас баланың үні ішіне түсіп кеткен... Шешесінің емшегін әлсіз тырмалайды... Қыз–Ләйлі енді сол жас сәбиді жылытпақ болып ұмтылды. Құшағына қысып жылытқысы келді... Ол, бұл жолы да еш-нәрсе істей алмады... Мынау дүниенің тірлігіне араласуды оған жазбаған екен... Тыр жалаңаш сәби өз болмысынан тыс денесін селкілдетіп анасының омырауына бетін баса шетінен кетті.

Олардан сәл төменгі жерде ғана, қатар тұр-ған үлкен екі ағаштың арасына қысылып қал-ған жігіт ағасы екі қолтығына екі баласын қысып алған... Тамырлары білеуленіп, лай батпақтың ішінде көздері еркінен тыс ақиып, қарысып тұр... Алып мұздар ағашты қанап өтіп, солық-со-лық еткізгенді... Денесі тас болып қарысып қал-ған жігіттың жүрегі булығып кеудесін жарып жібер-ердей тарсылдап соғады... Өкпесін қалқан лай су әлсін-әлсін қанды бұрқақ болып сыртқа атқа-лақтап жатыр. Қолтығындағы балалардың бірі әлде қашан жәнтәсілім болғанда, енді бірі суға тұншығып тыпырлап жатыр. Қыз–Ләйлі олардың қасына барғанда дәті жетпеді, енді ол өзінің еш-кімге көмектесе алмасын әбден түсінген. Кері айналып кетіп бара жатып қырылдаған дауысты құлағы шалып солай қарай барды... Су соққан қашаға бір қолымен жармасып енді бір қолымен баласын құшақтаған әйел қашаның іргесіндегі кішкене қораға жете алмай тұр... Қораның ішіне су кірмепті, бір жас лақ бажылдай маңырап тұр... Әйелдің екі көзі лайлы батпақ суды жарып сол лақ тұрған қораға қадалып қалған, жанталасып, қолтығындағы баласын лақтың жанына жеткіз-бекте тырмысады... Суық су сорып қатып қалған денесі икемге келер емес...

Қыз–Ләйлі ауыл адамдарының барлығын жан түршіктірерлік азаптапты өліп жатқанын кө-ріп, аспанға қарай оқша атылып барып, көлдің орнына қарай құділай құйыла жөнелді...

Келге жете бере кешегі өзіның атын айқай-лап шақырып мәңгілікке жібермеске, тас қылып құшақтап жібермей жатқан кесепаттан айыры-лып қалуға себепші болған жігітті көріп сол тұр-ған жерінен жоқ қылып жібермекке ұмтылды... Адамдарға көмектесе алмағанымен қатыгездік-ке келгенде кез келген елес руых соншама қой-ратты келетінін жақсы білетін... Екі қолы алқы-мына іліне бере өзін әлде бір жойқын күш кері серпіп лақтырып тастады... Адам баласынан осыншалықты жойқын күшті көрмеген ол, таң та-маша болып жығылған жерінен тұра бере... Енді байқады... Қағиданы бұзып, халықты қасіретке бөктірген жігітті кешегі өз құрсауынан босанып кеткен қара күш кесепаты алақандарына салып әспеттеп, аспандатып тұр екен. Қыз–Ләйлі өзінің енді бұл пәндегі еш қандайда бір құбылысқа әсер ете алмайтынын біліп, шексіз зенгір аспан-ға қарай заулай жөнелді... Заулап бара жатып:

– Адамдар-ай, адамдар... Қандай әлсіз... Қандай әлжуаз... Қандай байғам, сенгіш... едің-дер... Сендер қуаныштарың мен қағылғарың-ды да, туғызатындар мен жіберетіндерді қа-шаңға дейін ажырата алмай кетеді екенсіңдер... Сендер өздеріңді қашаңға дейін әлемнің иесіміз деген өтірік сенімдеріңе сен бермексіңдер... Білесіңдер ме сендер жер әлемдегі ең әлжуаз бейбақсыңдар... Соны түсінесіңдерші...



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! ҒҰМЫРЫН ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНА АРНАҒАН АЗАМАТ

Мемлекеттік қызметте адал еңбегімен, кәсіби біліктілігімен және адамгершілік ұстанымымен танылған Әл-Сейіт Бейсембек Қанайбекұлы зейнеткерлік демалысқа шықты.

Әл-Сейіт Бейсембек 1963 жылы 1 қаңтарда дүниеге келген. 1984–1989 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) заң факультетінде білім алып, заңгер мамандығын меңгерді.

Еңбек жолын құқық қорғау органдарында бастаған ол 1990–1993 жылдары Семей қаласының прокуратура-сында аға тергеуші қызметін атқарды. Кейін облыс прокуратурасында заңдылықтың сақталуын қадағалау, азаматтарды оналту бағытында көмекші прокурор болып жұмыс істеді.

1998–2002 жылдары Семей қалалық сотында судья қызметін абыроймен атқарып, әділдік пен заң үстемдігін

қамтамасыз етуге зор үлес қосты. Одан кейінгі жылдары Шығыс Қазақстан облыстық адвокаттар алқасында адвокат болып, азаматтардың құқықтарын қорғау ісіне белсене араласты.

2005 жылдан бастап әділет органдарында басшылық қызметтер атқарды. Бесқарағай ауданының, Семей қаласының әділет басқармаларын басқарды, Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаменті басшысының орынбасары болды.

2015–2022 жылдары департамент басшысының орынбасары ретінде өңірдегі әділет жүйесінің дамуына сүбелі үлес қосты. 2022 жылдан бастап Абай облысы Әділет департаментінің басшысы (міндетін атқарушы) қызметін атқарып, жаңадан құрылған өңірдегі әділет органдарының қалыптасуына елеулі еңбек сіңірді.

2017 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аттестациялық комиссиясынан сәтті өтіп, атқарып

Әл-Сейіт Бейсембек Қанайбекұлын зейнеткерлік демалысқа шығуымен және «Бесқарағай ауданының Құрметті азаматы» атағын алуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, ұзақ ғұмыр тілейміз, абыройыңыз арта берсін! Саналы ғұмырыңызда жинаған бай тәжірибеңізбен ақыл-кеңесіңіз кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалсын!

Абай облысы Әділет департаменті ұжымы

РУХАНИЯТ

Абайдың «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген сөзі әдебиет әлемінде өзіндік орны бар ақындардың бірі Серік Зейнетайұлы Жұматовтың өмірлік ұстанымына айналған десек, артық айтқандық болмайды. Серік Жұматовтың еңбек жолына, шығармашылық жетістіктеріне қарап, оның алға қойған мақсатына жету жолында талмай ізденгенін, жалықпай еңбек еткенін байқаймыз.

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ СЕРІК АҚЫН

Қазақстан Жазушылар одағының және Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының мүшесі, ҚР мәдениет сласының үздігі, Ақсуат ауданының Құрметті азаматы, «Тарбағатай тарланы» төсбелгісінің иегері Серік Жұматов – «Өмір баспалдақтары», «Ел сыйлаған азамат», «Жаны жайсаң Зақаң», «Ой, қуаңғаным-ай!», «Қасиетті Қарғыбам және мен», «Елім деген Еркімбек», «Ақын Сембай», «Қалау», «Ақсуаттың айтыстары және басқалар», «Шығыстың қазанаттай азаматы», «Өзім, өзгелер, өлеңдер» сияқты кітаптардың авторы.

Серік ақын Семейдің Абай атындағы мәдени-ағарту училищесін татамдаған соң, ауданның мәдениет саласында қызмет етті. Еңбек өте жүріп айтыскер ақын ретінде танылды. Республикалық, облыстық, аудандық ақындар айтыстары мен жыр мұшайраларында бірнеше рет жеңімпаз атанды.

– «Ақындық өнер Сізге қалай қонды?» – деп сұрадым. Бұл сауал Серік Жұматовқа жиі қойылады.

– Нағашы атам Бораш Кәукеншікұлы ақын болған. 1935 жылы КСРО Конституциясының құрметіне айтыс болып, соның бас жүлдесін жеңіп алған. Анам Бақтыбала Борахқызы сол кезде 15-16 жаста екен. Сол айтысты көзімен көріп, әкесінің және онымен айтысқан ақының өлеңдерін тындап отырып жаттап алғанын біртінде дейін айтып жүрді. Жады мықты, шешіреті адам еді. Анамның әкесінің (нағашымның) өлеңдері әлі күнге дейін елдің есінде.

Ал келері Зейнетай – соғысқа қатысқан адам. Майданнан жазған хаттарын өлеңмен өрнектейтін. «Ұзақ жолда» атты дастаны бар. Адам жасы ұлғайғанда өткенге көз жіберіп отырады ғой. Өкпенен қалған жазбаларды бір кітап қылып шығарсам деген арманым бар. Ал, жалпы, біз отбасымызбен өнерге жақын болдық. Бала кезімде өкпенің құрдастары үйге келіп, әңгіме-дүкен құратын. Маған ән, өлең айтызады. Кеу-кеулеп, көтермелеп, тиын береді... – деп еске алды Секең.

Серік ақынның өміріндегі есте қаларлық кезеңдердің бірі – оның киномеханик болып жұмыс істеген жылдары. Семейдің киномеханиктер даярлайтын бір жылдық курсын бітіріп келіп, Қарғыба ауылының клубында жұмыс істеді.

– Киномеханик – сол кездегі беделді мамандықтың бірі болды. Киноның ауылдарға келуі үлкен оқиға болатын. Кино алдымен аудан орталығы Ақсуатқа келетін. Алдын ала жарнамалаймыз. Мен аудан орталығына барып, азаматтармен келісіп, алдымен Қарғыбаға алып келетінмін. Таңертеңнен кешке дейін алты-жеті рет қоятын шығарым. Соның арқасында айлық жоғарымды асыра орындап, аудандағы үздік киномеханик атанып жүрдім. Кино коуды ауылдың балаларына үйретіп қойғанмын. Өздері табактарын тасып, өздері айналыдырып, жүргізіп жатады. Мен билет сатаумен айналысамын. Осы күні соны бөрі жырдай қылып айтады, – дейді Секең.

Семейдің ет комбинатында еңбек еткен жылдары да оның өміріндегі жарқын кезеңдердің бірі болыпты.

– Мен ет комбинатында жұмыс істей жүріп «Жастық» атты халық театрының мүшесі болдым. Концерт, спектакльдерге қатысамыз. Домбырамен ән айтамыз. Жазда гастрольге шығамыз. Мамыр айының үшінде қызым Айнұр дүниеге келді. Бесінші мамырда Ақсуатқа қайттым. Үйге келсем, шешем мен көрші тәтей шай ішіп отыр екен. «Бауы берік болсын!» айтып, әрі-бері отырған соң: «Иә, балаңыздың атын кім қойдыңыз?» – деп сұрадым. Көрші тәтем: «Бақай тәтем келің босанардан екі апта бұрын түс көріп, нәрестенің есімін Айнұр деп қойды», – деді. Түсінде анам айдың нұрына шомылып жүрген екен.

Сегізінші мамыр күні перзентханадан шығарып алдық. Айнұрдың шешесі көп ұзамай Семейге оқуына кетті. Айнұр әжесінің, менің анамның қолында қалды. Бір таңғалатыным, нәрестеге иіп, жасы 60-тағы шешемнің омырауынан сүт шыққан екен, – дейді.

«Атадан ұл туса иіп, ата жолын қуса игі» деген сөз бар ғой. Серіктің қызы Айнұр Тұрсынбаева да дара талантымен танылған айтыскер ақын.

– Айтысқа қалай келдің? (Бұл да Секеңе жиі қойылатын сауалдардың бірі).

– Бір күні түс көрдім. Түс пе, аян ба, білмеймін. Көкпектіде белгілі айтыскер ақын Қалихан Алтынбаевпен айтысып жатыр екенмін. Бір кезде ол кісі орнынан тұрып, маған жақындап келіп бірдеңе айтты да, қайта орнына барып отырды. Бірақ сөзі ұғынықсыз. Сонда мен:

Қал-аға, кеңейді ғой өрісіңіз,
Бізбен де сан қызықты бөлісіңіз.

Ойпыр-ай, мына елден ұят болды-ау,
Неге сіз менімен көрістіңіз?

– деген екенмін.

Содан бір-екі күннен кейін Ақсуатқа барып құдалық тойды басқардым. Өдеттегідей, айтарымды қағазға түртіп алғанмын. Алайда көкейімнен құйылып, құдашалардың бәріне өлең шығардым. Ойым тұнық, өзім таңмын. Үйге келгеннен соң да өлең шығара бердім. Сосын сағатқа қарап есептеп көрдім. Басында 15-18 секундта шығарсам, кейін 12 секундта түсті. Қазір 4-5 секундта кез келген тақырыпқа өлең құрай беремін... Сол кезде Қалихан Алтынбаевқа түсімді айтып едім: «Ондай болады!» – деді.

Серік Жұматовтың өміріндегі тағы бір маңызды кезең – Мәскеудегі Бүкілодақтық өнер институтында оқуы. 1989 жылы Алматыда халық театры режиссерлерінің байқауы өтіпті. Сол уақытта Серік ақын Ақсуат театрында режиссер болатын. Сайысқа 76 режиссер қатысқан екен. Ақсуат театры қойған спектакль сол байқауда жеңіп шығып, Серік Мәскеуге жолдама алады. Бүкілодақтық өнер институтында атакты мамандардан дәріс алады. Алайда 1991 жылы қараша айында диплом қорғайтын уақыт жеткенде, КСРО-ның тарауына байланысты, «1-ші дәрежелі режиссер» деген күллік қана беріліпті.

– Сол жылы Алматыдағы Мұхтар Өуезов атындағы академиялық драма театрында халық театрлары байқауы өтті. «Қазақстанның ең үздік халық театры» атағын алудан үмітті тоғыз театр қатысты. Қойылған талап та оңай емес: еліміздегі көзі тірі драматургтің бір шығармасын сахналау. Бағасын автордың өзі береді. Мен Аманжол Шамкеновтың «Сен жалғыз емессің» атты пьесасы бойынша спектакль қойдым. Барымды салып кірістім бұл жұмысқа. Пьесасадағы автордың барлық өлеңдерін алып тастап, жаңадан шыққан кітабынан басқа өлеңдерін кіргіздім. Тіпті бір-екі өлеңіне ән де жаздық. Зал көрерменге толы болды. Спектакль аншлаппен өтті. Аманжол Шамкенов өте риза болып, бұл пьесаны 1969 жылы Балалар мен жасөспірімдер театры қойғанын, Ақсуат театры қойылымының деңгейі одан жоғары болғанын айтты. Сол жылы Ақсуат халық театры бірінші орынды жеңіп алды. Бұл туралы журналист Әнуар Тарақов «Парасат» журналында жазды, – дейді Секең.

Серік Жұматовтың «Вампир күйеу» деп аталатын комедиясы Татарстан, Башқұртстан республикаларында, Астана қаласында, Қызылорда облыстық Нартай Бекежанов атындағы театрда қойылды. Оның сатира жанрына қалам тербеуі де қызық.

– 1988 жылы ғой деймін. Бірде үйге бір адам келіп, мені райкомға шақырып жатқанын айтты. Жүрегім зу ете қалды. Ақсуат аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының менде не шаруасы болуы мүмкін?! Барсам, бір жігіт отыр. Белгілі сатирик Қажытай Ілиясов екен. «Ара» журналы жариялаған «Жатыпатар» байқауында менің «Көзжұмар» атты сатиралық өңгімем бірінші орын алыпты. Соған 100 сом сыйақысы бар екен. Қажекеңмен жүзбе-жүз таныстығым осылай басталған, – дейді сатирик Серік.

Секеңнің еңбекқорлығының тағы бір дәлелі – жас ақындар мүшайраларын өткізетін, жүлде қорын өзі тағайындап, зейнетақысын соған жұмсайтын.

Өңгімеміздің соңында Секеңнен есінде сақталған бір айтысы туралы айтып беріпін сұрадым.

– Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Семейде үлкен айтыс болды. Мен Моңғол елінен келген атақты айтыс ақыны Қабдіжәлелмен сөз додасына шықтым. Айтыс қызған кезде қарсыласымның аузынан «мама, папа» деген сөздер шықты. Сонда мен: Елімде арайлы таң ата берсін, Уа, Кәке, бұл сөзіңді қате дер кім? Алайда мама дедің, папа дедің. Сен дағы біз сияқты шата ма едің? Қуансақ, сөздеріміз «Ура!» болды. Жол жүрсең, айтарымыз «қуа?» болды. Қабекем қалаға кеп «Қоля» атанса, Дәрияш өз еркімен «Дура» болды, – дедім.

Сол кезде айтысқа қазылық етіп отырған адам айтысты тоқтатып, «сенікі қате» деп ескерту жасады... Кейін еліміз тәуелсіздік алды. Қазақ тілі Конституциямызда мемлекеттік тіл деп белгітелді. Ауылдан қалаға көшіп барған жаманаттар жетерлік. Өкініштісі, солардың балалары мен немерелері қазақша сөйлемейді, «бар, жоқ» дегеннен басқаны білмейді. Тіпті кейбірі ұлт тілінде сөйлеуге арланатындай көрінеді маған, – деп Серік ақын ойланyp қалды.

**Хамза СӘТІЕВ,
Ақсуат ауданы**

Елге танымал бір әншіге журналист «Сүйікті асыңыз қандай?» деген сауал қойғанда, әншінің «Суши», — деп жауап бергенін оқып едім.

Ал дәл осы сауал ғалым, қоғам қайраткері Шырын Асылханқызы Құрманбаеваға қойылғанда, ол:

«Ақсуаттың сары майы», – деп жауап берген болатын.

Бұл жауаптың ар жағында тұтас бір тағдыр, ауылдың жұпар аңқыған жусанын, қасиетті топырағын аңсау мен әженің мейіріміне деген сағыныш жатқаны белгілі...

Шырын Асылханқызы қалада, ғалымдар отбасында дүниеге келгенмен, тағдыр оған ауылдың қарапайым тәрбиесін де сыйлады. Оның бүгінгі жеткен биігіне Ақсуатта тұрған асыл әжесі марқұм Хауажан апаның аялы алақанының, ақыл-өнегесінің де әсері аз емес деп ойлаймыз.

Қалада тұратын жас отбасы — Өккен апай мен Асылхан ағаның үйіне Ақсуаттан Хауажан апа келіп, қызы мен күйеу баласынан бес қыздың бірін сұрайды. Бірақ қызығы, қаладан ауылға баруға басқалардың ынталары болмайды. Тек кішкентай Шырын ғана әжесінің қасына барып, жымып тұрып, баруға

қарсы еместігін білдіреді. Сол күннен бастап қала қызы ауылдың қызына айналады. Кейін Өккен апаидың өзі:

– Шырынды Ақсуатқа жібергенде, қаладан қол үзіп қалар ма екен деп алаңдаған едім. Ал қазір бүкіл ағайынға жанашыр болып жүрген оның бауырмалдығын көргенде, ауылдың топырағы берген қасиетке шүкір етемін, – деп сүйсіне айтып отырғанын естігенмін.

Міне, сондықтан Шырын үшін Ақсуаттың сары майы - жай ғана тағам емес. Ол - бала күннің дәмі, әже мейірімінің жұпары, ауылдың иісі. Өженің жүрек жылыуымен дайындалған сол сары май оның жан дүниесінде сартап сағыныш болып қалғанын сеземіз.

Жақында Ақсуаттағы құдағым сары май алып келді. Алтын түстес, жұпары аңқыған асыл дәмді көргенде, ойыма Шырын түсті. Ақсуаттан Хауа өженің мейіріміндей болып жеткен сол сары майды Шырын досыма арнап сақтап қойдым.

Өйткені Шырын үшін ол - туған жердің баға жетпес дәмі, өженің махаббаты, ауылдың рухы.

Руза АСАНҚЫЗЫ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУ

«ГМК «Васильевское» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: «Васильев алтын кен орнының (Тихая аймағы) тау-кен жұмыстарын жүргізу жоспарына» қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алу үшін құжаттар. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а. о. Жұмыс учаскесінің ауданы 0,44 км2 құрайды. Координаттар: 1. 49.4°38.4300» сш, 81.36°36.19998»; 2. 49.4°35.0000»сш, 81.36°10.0000»вд; 3. 49.4°26.51996»сш, 81.36°9.99998»вд; 4. 49.4°30.03941», 81.36°3.79121»вд; 5. 49.4°34.99982»сш, 81.36°3.99987»вд; 6. 49.4°49.54377», 81.35°31.13039» вд; 7. 49.4°55.79198»сш, 81.35°45.13413»вд; 8. 49.4°52.39741»сш, 81.36°8.34977»вд; 9. 49.4°45.4000»сш, 81.36°16.6600»вд.

Қоғамдық тыңдаулар 10.02.2026 жылы сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі, 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Бөке елді мекендері Әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Бөке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Бөке және Ақжал кенттерінен көлікті жөнелту уақыты 10.02.2026 жылы сағат 10:30-да. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/79680734826?pwd=hk1480xbcpaB8CnA0GBa49Bub5YaH5.1>

Конференция идентификаторы: 796

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУ

«ШЫҢҒЫС ТАС» ЖШС Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жоба құжаттамасының атауы: «Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бородулиха ауданы, Новопокровка ауылындағы Гагарин көшесі, 190 мекенжайы бойынша керамикалық кірпіш өндіру зауытының құрылысы» жұмыс жобасының ықтимал әсерлер туралы есеп.

2. Әсер аумағы: КР, Абай облысы, Бородулиха ауданы, Новопокровка ауылы, Гагарина көшесі, 190.

Учаскенің координаттары
1) 50°41'30»С 80°28'21»В
2) 50°41'30»С 80°28'35»В
3) 50°41'22»С 80°28'21»В
4) 50°41'21»С 80°28'36»В.

3. Қоғамдық тыңдау 2026 жылдың 12 ақпанында сағат 12.00-де Абай облысы, Бородулиха ауданы, Новопокровка ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 72 мекенжайы бойынша өтеді.

Қоғамдық тыңдау ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады.

Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/85000420964?pwd=2bFx1RAYxZSFodGxcERn7R7RqsJvb.1> Конференцияны сәйкестендіруші: 850 0042 0964. Қолжетімдік коды: ICZ8JH.

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ШЫҢҒЫС ТАС» ЖШС, БСН 040440017937. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бородулихин ауданы, Новопокровка ауылындағы, Тәуелсіздік көшесі, 154, тел. 8 771 369 48 88, 8 708 668 07 78, e-mail: tooshynghystas@mail.ru.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Семей қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына Шахманов Нұрлан Болатұлының 1947 жылы 1 мамырда туған Шахманов Болат Шаймерденұлын қайтыс болды деп жариялау туралы өтініші түсті.

Болат Шаймерденұлы Шахмановтың болатын жері туралы мәліметі бар тұлғаларға бұл туралы Семей қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 22 бойынша жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Семей қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына хабарлауды сұраймыз. Тел. нөмірі: 87080438455

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес



ЖЫЛЫ СУ ІШУДІҢ ПАЙДАСЫ

Жылы су дене температурасынан төмен болмағаны жөн.

Ағза тазарады

Түнде ағза демалып қана қоймай, токсиндерден тазарады. Ал аш қарынға су ішу бұл процеске көмектесе түседі. Оған қоса, жүйелі түрде су ішу бұлшықеттер жасушалары мен жаңа эритроциттердің өңделуіне ықпал етеді.

Көңіл күй жақсарады

Аш қарынға ішілген судың токсиндерді шығару мен ағзаны «іске қосу» қабілеті адамның эмоциялық жағдайына да жағымды әсер етеді. Су жүйке жүйесіне жанама әсер ете отырып, ашушаңдықты басады және ұйқыны ашады.

Жүрек жұмысына көмектеседі

Жүрек-қан тамырлар жүйесі ауруларының ең кең тараған түрлеріне инфаркт пен инсульт жатады. Олар, әдетте, қандағы сұйықтық мөлшері аз болғандықтан қан ұйықтарының түзілуінен пайда болады. Жүйелі түрде аш қарынға су ішу қан тамырлар жүйесіне жағымды әсер етеді және инсульт қаупін төмендетеді.

Асқазан-ішек жолы ауруларын алдын алады

Қыжыл немесе асқазан-ішек жолының басқа да жағымсыздықтары көбіне асқазандағы жоғары қышқылдылықтың себебінен пайда болады. Егер аш қарынға уақтылы су ішсеңіз, ол қышқылды сұйылтады және жағымсыз сезімдерден арылтады. Сондай-ақ асқазан таңғы асқа дайындалады.

Зат алмасу жылдамдайды

Арықтағысы келетіндер немесе асқазан жұмысын реттегісі келетіндер үшін зат алмасу процесін бақылау маңызды. Егер ол жеткілікті түрде жылдам болмаса, судың көмегіне жүгінуге болады. Аш қарынға ішілген су зат алмасу жылдамдығын 30 пайызға арттырады.

Терінің жағдайы жақсарады

Сыртқы келбетіңіз жақсы көрінгенін қаласаңыз, алдымен ішкі жағдайға мән беру керек. Бұл жерде ағзаның су тепе-теңдігін ұстап тұру маңызды рөл атқарады. Өйтпесе тері құрғатанып, ерте әжімдер пайда бола бастайды. Күнде таңертең аш қарынға бір стақан су ішу арқылы тері жағдайын жақсартуға болады

Шаш саулығын сақтайды

Ағзаға су жетіспесе, бұл шаштың сыртқы жағдайына, оның өсуі мен қалыңдығына жағымсыз әсер етеді. Сондықтан шашыңыз мықты болуы үшін жеткілікті түрде су ішу керек.

Бүйрек ауруларының алдын алады

Бүйректердің сау болуы ағзадағы су тепе-теңдігінің қалыпты болуымен тікелей байланысты. Аш қарынға және күні бойы уақтылы жылы су ішіп тұру әрі мөлшерін арттырады. Соның себебінен бүйректерде болуы мүмкін минералдар сұйылтады. Осылайша, тастар түзілуінің немесе қабынулар пайда болуының алдын алуға болады.

Иммунитет нығаяды

Көптеген аурулардың пайда болуы тікелей иммунитет жағдайымен байланысты. Аш қарынға ішілген су лимфалық жүйелер теңгеріміне жағымды әсер етеді. Ол өз кезегінде ағзаны қатайтып, түрлі аурулардың қоздырғыштарына төзімді болуына көмектеседі.

Ісінуді басады

Жылы су ешбір қоспасыз-ақ несеп аядайтын қасиетке ие. Егер сіз күн сайын таңертең аш қарынға жылы су ішетін болсаңыз, аз күнде-ақ ісінудің басылғанын байқайтын боласыз.

ҚАЗАҚТАР НЕГЕ ҚЫРЫҚ САНЫН ҚАСТЕРЛЕЙДІ?

Әлі есімде, бір жолы анямнан:

- Қазақтар неге қырық санын қастерлейді? - деп сұрадым. Білігім келгенді жауапсыз қалдырмайтын әдетімен ол кісі:

- Қырық күн, қырық саны адам жаратылысымен тікелей байланысы болғандықтан қасиеттейді. Бойға бала бітерде ештеңені артық-кем жаратпаған Алла Тағаланың құдіретімен бір тамшы ұрық суы қырық күнде қанға айналады, қаннан қырық күнде етке айналады. Тағы қырық күнде еттен сүйек пайда болады, одан қырық күн өткен соң, ет пен сүйекке жан бітеді және қырық күн өткенде жан алған ет пен сүйек адам пішініне енеді. Содан кейін шақалаққа сезім жүйесінің пайда болуына қырық күн кетеді. Тағы қырық күнде бала толысады. Сөйтіп, 280 күн - қырық аптада, анығын айтқанда, тоғыз ай, тоғыз-он күнде нәресте өмірге келеді. Баланы қырқынан шығару - жоғарыдағы қырықтардың соңғы жалғасы. Ғылым-білімнің не дейтінін білмеймін, онда шаруам жоқ. Білетінім, бабалардан қалған осы қисынды ақиқатқа сенемін. Сен де ұмытпа, - деп еді жарықтық.

Мен ұмытқам жоқ, ата-бабалардың бай өмір тәжірибесі мен ой-өресінің ғылыммен ұштасып жатқанын кейін түсіндім. ...Біздің қазақта «өзің білме, білгеннің тілің алма» дейтін ауыр сөз бар. Өншейін ауыр сөз емес, қарғыстың ең жаманы.

Құдайым мұндай сөзді ешкімге естіртпей-ақ қойсын дейсің. Өйтсе де өмірде не болмайды, менің Атамқұл нағашым айтқандай, жер бетінде жүрген соң аяқ не баспайды. Сонда да әр нәрсенің орны бар, шегі мен сұрауы бар емес пе. Бұлай дегенім - кейінгі жылдары қазақтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрып, жол-жобасына қол сұғып, бұра тартып бұрмалау белең алды. Дәстүр-салттың негізгі мән-мағынасынан әліпті таяқ деп білмесе де, оны өздерінше өзгертіп бұлдіретіндер жетіп жатыр. Оның бәрін жіпке тізіп, әңгімені сын мақалаға айналдырғым келмейді, одан да нақты мысал келтірейін. Бір бейтаныс келіншек хабарласып, жағдайын айтты.

- Апай, тұңғыш балама босаңғаныма он сегіз күн болды. Өзім Талдықорған жақтың қызымын, келін бол түскен жерім - оңтүстік өңірі. Кеше Шымкенттен енем келіп, немересін екі күннен кейін қырқынан шығармақшы. Мен әже қолында өскенмін, ес білгелі бері баланы жиырма күнде қырқынан шығаруды көрген де, естіген де емеспін. Осыны енеме айтсам, ол: «Бұл - қазақтың бұрыннан бар салты. Күн мен түнді қосып санап кіші шілдеден шығарса, бала тез шайрыды», - дейді.

Анам сырқаттанып ауруханада жатқандықтан, батылым жетіп сізге хабарласып тұрмын. Мүмкін, мен бір нәрсені білмейтін шығармын, бір жағынан, сәбиіме кесірі тие ме деп қорқамын. Қырық күннің

жай-жапсарын түсіндіріп беріңізші, - деді.

Салт-дәстүрді сыйлайтын, есі дұрыс адамды есеңгірететін «жаңалықты» естігенде таңғалғанымды айтпаңыз! Атам заманнан арнасы бар, «қырқынан шығару» деп айдый анық атауына мазмұны сай салтты қай кезде шолтитып жиырма күнге түсірген?

Бабалар аруағынан именбей, ғасырлардан аман өткен халықтың дәстүріне қиянатжасаған қандай «біліпш» екен? Енді оны анықтау мүмкін емес, біреу бастады,басқалар: «Е-е, бұлай да жарай береді екен ғой», - деп көргенін ойсыз қайталайтын жыртақай маймыл әдетпен ары қарай әкете берген сыңайлы. Жұқпалы індеттің тез таралатыны секілді бұл да жайылып, кез келгенге елпідеп әліптейтіндердің өрмегіне айналыпты. «Есалаңның өзінен гөрі оған ілесушілер қауіпті», - деуші еді менің дәрігер әкем...

Өз басым әлгі келіншекке өте риза болдым. Әже тәрбиесін көргендіктен ұлттық салтты құрметтеп әрі қырық күннің кемдігі бір күні болмаса, бір күні перзентіне кесірін тигізе ме деп, жас та болса, ойланбайбілгеніне көңілің толды. Мен оған білгенімді ықыласпен түсіндірдім, бірақ ол енесіне сөзін өткізе алды ма, алмады ма, одан бейхабармын. Өйтеуір, қайда жүрсе де аман болсын деп тіледім.

Зейнеп Ахметованың «Күре тамыр» кітабынан

ЖЕЛІДЕГІ ЖАЗБАДАН

Тәрбиесіз берілген білім...

Аушвиц концлагерінің қияметін басынан өткізіп, аман қалған бір мектептің директоры жұмысқа жаңадан қабылданған әр мұғалімге мына хатты жіберіпті:

«Құрметті ұстаз!

Мен бір кездері концлагерьде тұтқында болған адаммын. Сол жерде мен ешбір адамның көзі көрмеуі тиіс сұмдықтарды көрдім.

Ең қасіреттісі:

- ғалым-инженерлердің қалай газ камераларын салғанын;

- білікті дәрігерлердің балаларды қалай улағанын;

- Гиппократ антын берген медбикелердің нәрестелерді қалай азаптап өлтіргенін;

- жоғары оқу орнын үздік бітірген жандайшаптардың мыңдаған аналар мен балаларды атып, өртеп жібергенін көрдім.

Сондықтан мен білімнің өзіне ғана сенуге болмайтынын түсіндім.

Сізден өтінішім — оқушыларымызға адам болуды үйретіңіз.

Сіздің еңбегіңіз ешқашан ғалым-монстрларды, оқу арқылы тәрбиеленген есалаңдарды немесе білімді Әйхмандарды қалыптастырмауы тиіс.


Оқыту, жазу, санаудан да маңыздысы — балаларымызды алдымен АДАМ етіп тәрбиелеу.

Міне, сіздің ең ұлы еңбегіңіз осы болмақ», - деп жазыпты.

Адамгершіліксіз алған білімнің құны көк тиын.

Асылбек Баяжуманың әлеуметтік желідегі парақшасынан

“ХАЛЫҚ БУХГАЛТЕРІ” АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі «Халық бухгалтері» акциясын іске қосты. Акция 2026 жылғы 30 маусымға дейін жалғасады.

арасында бейнебайланыс пен телефон арқылы кеңес беру мүмкіндігі көзделген.

Бетпе-бет консультациялардан бөлек, кәсіпкерлер үшін келесі мүмкіндіктер қолжетімді болады:

• ресми ресурстар арқылы онлайн-консультациялар;

• вебинарлар (онлайн және офлайн форматта);

• есепті кезеңдерде тақырыптық консультациялық сессиялар.

Мемлекеттік кірістер комитеті заңнама нормаларын қарапайым тілмен түсіндіретін және ақпараттық жүйелерде жұмыс істеу бойынша қадамдық нұсқаулықтары бар негізгі тақырыптар бойынша буклеттер дайындайды.

Сонымен қатар Сall-орталыққа арналған материалдар жаңартылып, SalykBot Telegram-арнасы ақпаратпен толықтырылады.

«Халық бухгалтері» акциясы салық төлеушілермен жұмыс істеуде бақылау моделінен сервистік сүйемелдеуге көшу жолындағы алғашқы қадам болып табылады. Алдағы уақытта құқық бұзушылықтардың алдын алуға және консультациялық қолдаудың сапасын арттыруға бағытталған қосымша шараларды іске асыру жоспарлануда.

КЕЗДЕЙСОҚ АШЫЛҒАН ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР

МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШ

Бүгінде микротолқынды пештің екі түрі бар. Бірі Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде пайда болған. Неміс ғалымдары соғыс майданында тамақ дайындауды жылдамдату үшін ойлап тапқан. Кейін бұл құрылғы өзге елдердің қолына түсіп, немістің құрылғысы екені дәлелденбей қалды.

Ал екінші түрін америкалық инженер Перси Спенсер жасап шыққан екен. «Raytheon» компаниясының инженері радар жабдығын жасау барысында магнетронмен жұмыс істеп отырғанда қалтасындағы шоколады еріп кеткенін байқайды. Содан бірнеше затқа тәжірибе жасап көріп, микротолқынды сәулеліңіз затты ерітетін қасиеті барын анықтайды. 1946 жылы ол өз еңбегін патенттейді. Сөйтіп, тағамды тез ысыту үшін тек әскерилер қолданған бұл пеш 1965 жылдан бастап көпшілікке қолжетімді болды.

ЖҮРЕК СТИМУЛЯТОРЫ (КАРДИОСТИМУЛЯТОР)

Электронды кардиостимулятор - пациенттердің жүрек соғуын бақылайтын және қажет болған жағдайда импульстарды қолдана отырып, жүрек соғуын біркелкі ұстау үшін қолданылатын құрылғы. Оны 1956 жылы америкалық инженер Уилсон Грейтбатч адамның жүрек соғысын жазатын құрылғыны жасап жатқанда кездейсоқ ойлап тапты. Өнертапқыш электр тізбегін қате құрастырып, өзі жасаған құрылғының электр энергиясын өндіретінін анықтады. Дәл осылайша ол адамның жүрегінің электронды түрде күшейтуге болады деген ойға келді. Екі жылдан кейін өллемдегі алғашқы кардиостимулятор иттің денесіне имплантацияланды.

ҚАНТТЫҢ ОРНЫН БАСҚАН САХАРИН

Неміс химигі Константин Фальберг

өткір иісті жабысқақ сұйықтық – көмір шайырдың зерттейді. Оның зертханасында жалаң қолмен ұстауға болатын көптеген химиялық заттар болған. Бір күні ол үйге келіп, қарапайым тоқаштың өзіне тәттірек көрінетінін байқады. Ол лабораторияда суда жақсы ерімейтін тәтті дәмді бар түссіз кристалдарды ұстап, қолын жұмаған болатын. Бұл кристалдардың ерекшелігі қарапайым қантқа қарағанда 500 есеге жуық тәтті. Күтпеген жаңалық 1884 жылы сахариннің өлемдегі алғашқы жаппай өндірісіне әкелді.

ТЕМІРБЕТОН

1867 жылы Парижде өткен Дүниежүзілік көрмеде француз бағбаны Джозеф Пакстон есімдіктер үшін темір симмен нығайтылған бетон ыдысын ұсынды. Пакстон жылыжайда жұмыс істеп, апельсин ағаштарын өсіретін. Жазда цемент ыдыста тұрған жеміс далаға шығарылады. Бірақ қыста оларды жылыжайға қайта кіргізу керек болатын. Осы температураның өзгеруінен бетон ыдыстар жарылып кететін еді. Оларды нығайту үшін Джозеф қалыпқа темір сым орната бастайды. Бағбан темір мен цементке ұқсас тәжірибелер туралы естіген болуы мүмкін. Бірақ ол өнімдерді тек шыбықтармен ғана емес, темір симмен де нығайтуды шешеді. Моне өзінің зерттеулері барысында тік және көлденеңін орнатылған сымдар беріктікті қамтамасыз ете алатынын дәлелдейді.

НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫ

1888 жылы француз газеті Альфред Нобельдің қайтыс болуына байланысты «Өлім саудагері қайтыс болды» деген тақырыппен көңіл айту хабарламасын жариялады. Бұл қайғылы хабар орнынсыз жарияланды. Өйткені Канндағы аурухана-лардың бірінде Альфредтің туған

інсі Людвиг Нобель қайтыс болған еді. Осы некрологті оқығаннан кейін динамитті ойлап тапқан өнертапқыш ұрпақтар есінде «Өлім саудагері» ретінде қалғысы келмей, дүние жүзіндегі ғылымда жетістікке жеткендерді ынғаландыру үшін өз мүлкін арнайы қорға мұраға қалдырды. Кейін ол «Нобель» медалі деген атпен бүкіл әлемге танымал болды.

СЫНБАЙТЫН ШЫНЫ

1903 жылы француз жазушысы, суретші, композитор және ғалым Эдуард Бенедиктус химиялық тәжірибе жүргізіп жатқанда абайсызда еденге колбаны түсіріп алады. Оны таң қалдырғаны - жұқа әйнек жарылғанымен, сынған жоқ. Ғалым анықтап қараса, колбада қалған нитроцеллюлоза ерітіндісінің қалдықтары кеуіп, шыны ыдысқа жабысып қалған екен. Сол жылдары көліктерге қарапайым әйнек орнатылып, апат кезінде сынған бөлшектер жүргізуші мен жолаушыларды жарақаттатты.

Газетте жарияланған кезекті жол апатын оқығаннан кейін Бенедиктус тағы бір тәжірибе жасап, ортасында нитроцеллюлоза қабатынан тұратын екі қабылғы әйнек жасайды. Қызыру нәтижесінде целлюлоза еріп, пластиналар бір-біріне тығыз жабысады. Ғалым пайда болған қабатты «триплекс» деген атпен патенттейді, ал 1919 жылы Генри Форд алғашқылардың бірі болып оның әйнегі көліктерге орнатты.



Ғалымдардың зерттеулері кітап оқу тек білімді арттырып қана қоймай, адам өмірін де ұзартатынын көрсетті. Ғылыми деректерге сүйенсек, тұрақты түрде кітап оқу өмірді шамамен 2 жылға ұзартуы мүмкін.

АҚШ ғалымдары 50 жастан асқан 3600 адамның өмір салты мен әдеттерін зерттеп, кітап оқуға әуестік пен ұзақ өмір сүрудің арасында тікелей байланыс барын анықтаған. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, аптасына кемінде 3,5 сағат кітап оқитын адамдар оқуға уақыт бөлмейтіндерге қарағанда орта есеппен 23 айға ұзақ өмір сүреді. Яғни күн сайын небәрі 30 минут кітап оқу өмірді ұзартуға ықпал етеді.

Ғалымдардың айтуынша, газет-журнал оқу немесе әлеуметтік желідегі жаңалықтарды шолып шығу мұндай әсер бермейді.

Мамандар мұны кітаптардың миды белсендіріп, когнитивтік қабілеттерді кү-

шейтуімен байланыстырады. Зерттеу барысында нақты қандай кітаптар оқылғаны көрсетілмегенімен, қатысушылардың басым бөлігі - көркем әдебиетке ден қойған-дар.

Дегенмен, белгілі дәрігер Майкл Москлидің айтуынша, кітап оқу денсаулыққа шын мәнінде пайдалы болуы үшін тұрақтылық қажет. Ара-тұра бір детектив немесе роман оқып қою мүлде оқымағаннан жақсы, бірақ нақты нәтиже көру үшін күн сайын аз да болса кітап оқуға уақыт бөлу керек.

Дәрігердің кеңесіне сүйенсек, ұйқы алдында кітап оқу – өте тиімді әдет. Бұл әдет өмірді ұзартуға ғана емес, денсаулықты нығайтуға да көмектеседі. Жалпы, кітап оқу есте сақтау қабілетін және логикалық ойлауды дамытады. Яғни көп оқыған адам тез оқиды, тез қорыта алады. Кітап оқу адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. Сөздік қорды байытып, жалпы сауаттылық деңгейін арттырады. Адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады.

Материалдар ғаламтор беттерінен алынды



www.semeytany.kz

Директор - Риза АСАНҚЫЗЫ

МОЛДАШЕВА

Бас редактор - Роза ПУШПАҚОВА

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.

Газет «АВАИ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Ескенен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылп шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.

Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.

Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Мемшікті тілшілеріміз: Бороудилхад - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.

Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75;

редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03;

факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155



Кезекші редактор Роза ПУШПАҚОВА